



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев шахматшы Меруерт Камалиденованы FIDE World Cup 2025 жарысындағы жетістігімен құттықтады.

Президент Грузияның Батуми қаласында өтіп жатқан Әлем кубогының іріктеу сайысында белгілі шахмат шеберлерін қапы қалдырған Меруерт Камалиденоваға құттықтау жеделхатын жолдады.

— Мемлекет өзінің сияқты талапты жастарға әрқашан қолдау көрсетеді. Елімізде бұл интеллектуалды ойын түрін жаппай дамыту үшін нақты шаралар қолға алынды. Өскелең ұрпақ өздеріңізге қарап бой түзейді. Әрбір жеңістеріңіз оларды жігерлендіреді, — деп жазылған жеделхатта.

Мемлекет басшысы спортшыға алдағы финалдық сайыстарда сәттілік тіледі.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Барселона қаласында өткен халықаралық STEM олимпиадасында, сондай-ақ Біріккен Араб Әмірліктерінде ұйымдастырылған химия пәнінен халықаралық олимпиадада жеңіске жеткен қазақстандық оқушыларға құттықтау жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев мұны еліміздің абырой-беделін арттыра түсетін тарихи жетістік ретінде бағалады.

— Бұл — Қазақстанда білім беру саласы қарқынды дамып келе жатқанының айқын дәлелі. Мемлекет жастардың сапалы білім, тағылымды тәрбие алуына әрдайым баса мән береді. Еліміз сіздерді мақтан тұтады. Жарқын жеңістеріңіз көп болсын! — деп жазды Президент.

НАРЫҚ

ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕ – АДАЛ АЗАМАТТЫҢ ИГІЛІГІ



Еліміз жаңа ұлттық валютаға белсенді көшіп жатыр. Қазақстан – ТМД аймағында ұлттық цифрлық валютаға ауысқан алғашқы ел. Сала лидері! Тіпті, өзін посткеңестік кеңістіктің көшбасшысы санаған Ресей цифрлық рублін толыққанды іске қосуды келесі жылға жылжытуға мәжбүр: мемлекет те, бизнесі де, жүйелері де дайын емес. Республикамыз болса, қазірдің өзінде 257,5 миллиард цифрлық теңгені айналымға жіберіп үлгерді. Аяқ алысы ғаламат. Осы орайда ұлттық валютаның жаңа түрінің қашан толыққанды әрі кең айналымға шығатыны жария етілді.

(Жалғасы 4-бетте)



ЕКІЖАҚТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ НЫҒАЙТУ МАҢЫЗДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Президенттің Ауғанстан бойынша арнаулы өкілі Еркін Тұқымовты қабылдады.

Мемлекет басшысы Ауғанстан билігімен екіжақты қарым-қатынасты нығайтуда арнаулы өкілдің ерекше рөл атқаратынын атап өтті.

Арнаулы өкілге аталған елмен сауда-экономикалық және гуманитарлық салаларда өзара тиімді ықпалдастықты жолға қою тапсырылды.

Президент Алматы қаласында ашылған Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі БҰҰ аймақтық орталығының мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланудың маңызына тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан Ауғанстандағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау мақсатында гуманитарлық және білім беру бастамаларын жалғастыра беруге ниетті.

ДӘУЛЕТ

САЛАДАҒЫ ЖАҢА СЕРПІЛІС

Ауыл шаруашылығын цифрлық трансформациялау – кәдуілгі қол еңбегінен автоматтандырылған жүйеге көшуді көздейтін кешенді процесс. Әрине, бұл үдеріс ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллект жүйелерін қолдану арқылы жүзеге асады. Өйткені олар шаруашылыққа қатысты орасан зор деректерді жинап, талдайды. Сонымен қатар соңғы уақытта алқаптарда дрондар мен роботтар жұмыс істей бастады. Мемлекеттік деңгейде ауыл шаруашылығын цифрландыруды қолдау жобалары іске қосылып, жаңа технологиялық мамандықтарға оқыту бағдарламалары қолға алынып жатыр. Бүгінде бұл ауқымды өзгерістер агросектордың бет-бейнесін жаңартып, оны инвесторлар үшін тартымды салаға айналдырып келеді.



→ 2

КӨПКЕ ҮМІТ СЫЙЛАҒАН ОРТАЛЫҚ

Былтыр желтоқсан айында Батыс Қазақстан облысында респулика бойынша төртінші оңалту орталығы ашылды. Құрылысы бірнеше жылға созылған орталық қазір мүгедектігі бар жандардың ем алатын, оңалту шаралары жүретін ірі сауықтыру орнына айналды. Бұл жерде медицина мамандарынан бөлек, логопед, дефектолог, психолог, емдік дене шынықтыру мамандары қызмет көрсетеді.



→ 7

ТАБЫЛДЫҢ ӘНІ

«Бір кездегі Табылдың әні екен деп, Соңымнан зарлап жүрсін қалың Адай...» деп жырлаған бард-әнші Табылды Досымов өмірден өткенде артында күллі қазақ жұрты қайғырды. Ол – қазақ музыка өнеріне ерекше жанрмен келген бірегей тұлға. Рух пен лирикаға толы әндердің авторы Табылды Досымовтың туғанына биыл 60 жыл толды.



→ 8

МӘЖІЛІС

ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ ЕҢСЕСІ БИІК БОЛУҒА ТИІС



Палата Спикері Ерлан Қошанов бастаған Мәжіліс делегациясы Қарағанды облысының Нұра және Осакаров аудандарына барды. Мәжіліс депутаттары өңірдегі инвестициялық жобалардың жүзеге асырылу барысымен және әлеуметтік нысандардың жағдайымен танысты.

Нұра ауданында депутаттар Болат Әдікәрімов атындағы көпсалалы колледжге барды. Оқу орны агроөнеркәсіп, құрылыс және өндіріс салаларына арналған он мамандық бойынша кадрлар даярлайды. Бүгінде мұнда шамамен 300 студент білім алуда.

Мәжіліс Төрағасы педагогтерге арнаған сөзінде Еңбек адамының рөлі мемлекет үшін маңызды екенін атап өтті. Ол қазір Қазақстанда жұмысшы мамандықтары бойынша мамандарға сұраныс 40 пайыздан асып отырғанын айтып, осыған байланысты жас, білікті кадрлар даярлауға ерекше назар аудару қажеттігіне тоқталды.

— Өздеріңізге белгілі, Президентіміз биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Бұл бағытта колледждер мен училищелер елге қажетті мамандар даярлау ісінде ерекше рөл атқарады. Сіздер жас дөңкерлеушілерге, құрылысшылар мен тігіншілерге еңбекке деген шынайы құрметті, өз мамандығына деген сүйіспеншілікті және дұрыс моральдық құндылықтарды дарытып келесіздер. Мықты экономика мен елдің жарқын болашағы ұстаздардың қолында. Сондықтан мемлекет сіздерді

толық қолдайды. Колледждерді дамытуға және мұғалімдердің еңбек жағдайын жақсартуға бар күшін салады, — деді Ерлан Қошанов.

Сонымен қатар ол еңбек адамын қолдауға бағытталған нақты өзгерістерге, яғни жұмысшы мамандық иелері үшін жаңадан тұрғын үй ипотекалық бағдарламасының іске қосылғанын, сондай-ақ зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтіндерге зейнетке ерте шығу мүмкіндігі қарастырылғанын атап өтті.

Сапар барысында депутаттар колледж студенттері өз мамандықтары бойынша тәжірибелік машық қалыптастыратын оқу шеберханаларының жұмысымен танысты. Мұнда дөңкерлеу ісі, құрылыс, автослесарь, тамақ және тігін өндірісі бағыттары бойынша білім беріледі. Колледждегі жұмыс барысы жайлы жас маман Арайлым Аманкелді айтып берді. Ол «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында туған ауылына оралып, мұғалім болып қызмет атқарып жүр.

Депутаттар сондай-ақ медицина қызметкерлеріне арналған көппәтерлі тұрғын үй кешенінің күрделі жөндеу жұмыстарын тексерді. Бұл үй бұған дейін бос тұрған ғимараттан қайта жаңғыртылып жатыр. Жыл соңына дейін жана қызметтік баспанаға аудандық аурухананың жас қызметкерлерінен 14 отбасы қоныстанады деп жоспарлануда. Аймақ басшылығының айтуынша, ауылдағы медицина қызметкерлерін қолдауға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларының арқасында бүгінде Нұра ауылында білікті кадрлар тапшылығы мәселесі іс жүзінде шешімін тапқан.

Ауданда ауыл шаруашылығы да қарқынды дамып келеді. Мәжіліс депутаттары биыл іске қосылған «МФ Рамадан» ЖШС-ның сүт фер-

масының жұмысымен танысты. Кәсіпорын 1100 голштин-фриз тұқымды сауын сиыр ұстауға арналған. Технологиялық тұрғыдан жана сауу жабдығының көмегімен ферма тәулігіне — орта есеппен 27 тонна, жылына 10 мың тоннаға дейін сүт өндіруді жоспарлап отыр.

Осакаров ауданында Мәжіліс Төрағасы мен депутаттарға тағы бір инвестициялық жоба — қуаттылығы 150 МВт болатын жел электр стансасының құрылысы таныстырылды. Бүгінде мұнда жоспарланған 21 жел қондырғысының 9-ы іске қосылып, энергия өндіруде. Алынған «жасыл» электр энергиясы қосалқы станса арқылы жалпы тарату желісіне жіберіледі. Жоба аясында ауылдан 20 жана жұмыс орны ашылған.

Делегация сондай-ақ 2020 жылы толық қайта жаңғыртудан өткен «Жастар» балалар мен жасөспірімдер орталығына барды. Қазір орталықта заманауи бағыттар бойынша 25 үйірме жұмыс істейді. Ауылдың 600-ден астам баласы мұнда IT, роботтехника, жасанды интеллект, музыка мен театр өнері, қолданбалы шығармашылық, тілдер және басқа да салалар бойынша білім алуда.

Осы жерде Мәжіліс депутаттары Осакаров ауданы жұртшылығымен кездесті. Әңгіме барысында жергілікті өндірісті дамыту перспективалары талқыланды. Атап айтқанда, алдағы жылдары өңірде сыйымдылығы 2500 тонна болатын көкөніс сақтау қоймасы, 6000 бас малға есептелінген еліміздің ең ірі сүт-тауар фермасы, жылына 45 миллион кірпіш шығаратын кірпіш зауытының құрылысы, сондай-ақ суармалы жерлердің аумағын айтарлықтай кеңейту ісі жоспарланып отыр.

Ерлан Қошанов өткен сессияда қабылданған Салық, Бюджет және Су кодекстері, сондай-ақ әлеуметтік даму бағытындағы бірқатар заң туралы айтты. Олардың қатарында «Келешек» жинақтау жүйесі туралы заң, дарындыларды қолдау нормалары, МӘМС жүйесінде базалық медициналық көмекті сақтау, онкоскринингті кеңейту және басқа да маңызды бастамалар бар.

Одан бөлек, Ерлан Қошанов аудандық мәслихат депутаттарын заң шығару жұмысына белсендірек қатысуға шақырды. Өз ұсыныстарын Қоғамдық палата арқылы енгізіп, сондай-ақ Мәжіліс сайтындағы арнаулы модульдің мүмкіндіктерін пайдалануға кеңес берді. Бұл жайт қабылданатын заңдардың сапасын арттырып, олардың нақты өңірлік жағдайларға сай болуына ықпал етеді.

Азаматтардың, кәсіпкерлердің және аудан басшылығының өтініштері мен ұсыныстары Мәжіліс депутаттары тарапынан жана парламенттік сессия басталған кезде талқылауға шығарылатын болады.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРМЕК

Премьер-Министр Олжас Бектенов Хирошима префектурасының губернаторы Хидехико Юзакимен кездесу өткізді. Жиында сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайту жайы талқыланды. Гуманитарлық бастамалар мен екіжақты өзара іс-қимылдың өзекті мәселелері талқыланды.



Қазақстан Жапониямен кеңейтілген стратегиялық әріптестікті дамытуға үлкен мән береді. Бұл бағытта ел Үкіметі Президент Қасым-Жомарт Тоқаев белгілеген міндеттерді дәйекті түрде жүзеге асырып жатыр.

Кездесу барысында Хирошима префектурасы мен Абай облысы арасындағы байланысты одан әрі нығайту перспективалары қаралды. «Хирошима — Семей» бастамасын жалғастырудың, сондай-ақ Mayors for Peace халықаралық қозғалысы аясында білім алмасудың маңызы атап өтілді. Тараптар Ядролық қаруды таратпау туралы шарттың (ЯКТШ) алда өтетін Шолу конференциясы шеңберінде одан әрі өзара іс-қимылға әзір екенін білдірілді.

«Біз Қазақстанның халықаралық аренадағы қолдауын жоғары бағалаймыз. Сапарымыздың бір мақсаты — достықты нығайту. Екі елде де ядролық қару салдарынан жиналған мол тәжірибе бар. Біз Хирошималықтар өзімізді маңызды миссиямыз бар жандармыз деп санаймыз. Ол — әлемді ядролық қарудан азат ету жолында тынымсыз еңбек ету. Қазақстан — Ядролық қаруды таратпау туралы қозғалыстың Орталық Азиядағы мүшесі», — деді Хидехико Юзаки.

Хирошима префектурасының губернаторы ядролық қаруды таратпау мәселелерінде Жапония мен Қазақстанның ынтымақтастығы аса маңызды екенін атап өтті.

«Қазақстан радиациядан зардап шеккендерді медициналық және әлеуметтік қолдау, сондай-ақ радиациялық медицина саласындағы технологияларды әзірлеу және енгізу сияқты бағыттар бойынша Жапониямен ынтымақтастықты тереңдетуге ұмтылады. Біз Жапония Үкіметіне Семейдегі ядролық сынақ салдарымен күресу үшін өтеусіз грант беру ниетіне алғыс білдіреміз. Бұл бастама медициналық көмек көрсету сапасын арттыруға орнықты түрде ұзақмерзімді әсер ететініне сенімдіміз», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

ДӘУЛЕТ

Ауыл шаруашылығын цифрлық трансформациялау – кәдімгі қол еңбегінен автоматтандырылған жүйеге көшуді көздейтін кешенді процесс. Әрине, бұл үдеріс ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллект жүйелерін қолдану арқылы жүзеге асады. Өйткені олар шаруашылыққа қатысты орасан зор деректерді жинап, талдайды. Сонымен қатар соңғы уақытта алқаптарда дрондар мен роботтар жұмыс істей бастады. Мемлекеттік деңгейде ауыл шаруашылығын цифрландыруды қолдау жобалары іске қосылып, жаңа технологиялық мамандықтарға оқыту бағдарламалары қолға алынып жатыр. Бүгінде бұл ауқымды өзгерістер агросектордың бет-бейнесін жаңартып, оны инвесторлар үшін тартымды салаға айналдырып келеді.

А **Кәмила ДҮЙСЕН**

Отандық агроөнеркәсіп кешені де цифрлық жаңғырудың жаңа сатысына қадам басып отыр. Себебі соңғы уақытта елімізде егістік алқаптарды дронмен бақылау, GPS-навигация, агродеректермен жұмыс, автоматтандырылған суару жүйелері мен мал шаруашылығын басқарудың жана цифрлық құралдарын кеңінен қолдану үрдіске айналды. Жакында өткен Үкімет отырысында да мал шаруашылығы мен ветеринария саласын цифрландыру мәселесі қаралды. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиевтің сөзіне сүйенсек, АӨК жаңғырту шеңберінде мемлекеттік қызметтерге қолжетімділікті кеңейту қолға алынған. Ведомство басшысы Astana Hub экожүйесінде ветеринария мен мал шаруашылығы үшін цифрлық шешімдер әзірлейтін стартаптар мен компаниялар дамып келе жатқанын сөз етті. Олар ауыл шаруашылығы жануарларының басын есепке алуды, олардың денсаулық жағда-



САЛАДАҒЫ ЖАҢА СЕРПІЛІС

йын мониторингілеуді қамтамасыз ететін жүйелер мен аппараттық-бағдарламалық кешендерді, сондай-ақ агроөнімдерді сату және сатып алу платформаларын әзірлеуде.

Агроөнеркәсіптік кешен саласына цифрлық технологияларды енгізудің бір мысалы — ауыл шаруашылығы жануарларының жай-күйін бақылауға арналған отандық смарт-трекер мен мониторинг жүйесі болып отыр. Бұл шешім фермерлер мен аграрлық компанияларға жануарлардың жағдайын онлайн режимде қадағалауға және ауру салдарынан өлім-жітімді дер кезінде алдын алуға мүмкіндік береді. Одан бөлек, халықаралық деңгейде ветеринариялық дәрілік заттарды, вакцинацияларды және аурулар ошақтарын есепке алуға арналған кешенді цифрлық жүйелер енгізілуде.

Аграрлық секторды басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында мал ша-

руашылығы мен ветеринария бойынша деректерді бірыңғай ақпараттық жүйеде шоғырландыру да тиімді шешім болмақ. Себебі бұл шара фермерлік шаруашылықтардан бастап салалық ведомстволарға дейін барлық деңгейде үздіксіз есеп жүргізуді, кешенді талдауды және жедел басқарушылық шешімдер қабылдауды қамтамасыз етеді.

Смарт-фермалар тұжырымдамасын енгізуге және үдерістерді автоматтандыруға да ерекше назар аударылған. Нәтижесінде, қазір шаруалар тарапынан автоматтандырылған сауу, азықтандыру, климатты басқару, бейнебақылау жүйелері мен жануарлардың денсаулығын бақылауға арналған датчиктер сияқты роботтандырылған шешімдерді пайдалануға деген қызығушылық артып келеді.

Ал Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректеріне сүйенсек, елімізде жалпы

саны 2243 ферма тіркелген. Соның ішінде 200-ден астамы цифрлық форматта жұмыс істейтін заманауи шаруашылықтар. Мұндай фермалар нақты егіншілік технологияларын, дрондарды, түрлі датчиктер мен GPS жүйелерін қолдана отырып, топырақ пен өсімдіктердің жағдайын нақты уақыт режимінде бақылап, тұқым себу, тыңайтқыш енгізу және суару үдерістерін оңтайландырады.

Өңірлер де заманының алдына айналған аталмыш технологиялардан кенде емес. Мысалы, Солтүстік Қазақстан мен Қостанай облыстарында спутниктік мониторинг, агрохимиялық талдау мен тыңайтқышты нүктелі енгізу әдісі белсенді түрде қолданылады. Ал Жетісу және Шығыс Қазақстан облыстарында мал шаруашылығына жасанды интеллектпен басқарылатын сауу роботтары, автоматтандырылған азықтандыру жүйелері және

микроклиматты бақылау құрылғылары енгізілген. Павлодар өңірінде су үнемдеу мен автоматтандырылған суару технологиялары іске асуда.

Соңғы жылдары фермерлер заманауи ауыл шаруашылығы техникасын — GPS және автопилотпен жабдықталған John Deere мен Claas секілді алпауыт брендтердің тракторлары мен комбайндарын жиі қолдана бастады. Қазірдің өзінде жүргізушісіз тракторлар іске қосылды. Бұл техника нақты егіншілікті дамытуға жол ашып, шығынды азайтып, өнімділікті арттыруға сеп болуда. Цифрлық технологияларды енгізу әсіресе елдің солтүстік өңірлерінде қарқынды жүріп жатыр.

Малды нақты уақытта бақылау, күтпеген жағдайға дереу әрекет ету — мұның бәрі дрондар арқылы мүмкін болып отыр. Мұндай тәжірибе Маңғыстау, Батыс Қазақстан және Жамбыл облыстарында жүзеге асуда.

Жетісу облысының Балпық ауылында өңірдегі жалғыз цифрлық сүт фермасы жұмыс істейді. Аталған фермада сауын сиырларға роботтар күтім жасайды. Бұл — жануарларға ең жайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Әрбір сиырдың денсаулығы тәулік бойы бақылауда, ал сүттің сапасы мен көлемі автоматты түрде есепке алынады.

Сиырлар еркін қозғалып, сауу қондырғысына өз еркімен жақындайды. Робот-дояр олардың физиологиялық жағдайын анықтап, мониторда барлық деректерді — сауылған сүттің көлемінен бастап сапасына дейін — көрсетеді. Тіпті, сиырды сауу қажет пе, жоқ па — соны да робот өзі шешеді. Мұнда 10 автоматтандырылған робот жұмыс істейді, және әрбір сауыннан кейін міндетті түрде залалсыздандыру жүргізіледі.

2024 жылы аграрлық салада жалпы құны 280,3 млрд теңгеге 287 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Ал биыл 284 жоба 614,5 млрд теңгеге жоспарланған.

Су үнемдеу технологияларын қолданып жерлердің көлемі де жыл сайын ұлғайып келеді. 2025 жылы мұндай жер көлемі 612 мың гектарға жетпек. Осылайша, ауыл шаруашылығын цифрландыру — кешеннің тұрақты дамуына жол ашатын негізгі бағыттардың бірі болуға тиіс.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ТЕКСЕРДІ



Ұлытау облысы нығайып, өз әлеуетін толық ашуға тиіс. Бұл туралы «AMANAT» партиясының «Халықпен бірге!» атты 2023–2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасының орындалуына байланысты Ұлытау облысында өткен партиялық бақылау комитетінің көшпелі отырысында Комитет төрағасы, Мәжіліс депутаты Павел Казанцев мәлімдеді.

«Біз ауызсумен қамту мәселесінің қалай шешіліп жатқанын көріп отырмыз және партия бұл іске араласатын болады. Облыста алғашқы бассейн ашылды, екіншісі салынып жатыр. Бұл — халық үшін үлкен қуаныш. Сонымен қатар Оқушылар сарайы бой көтеруде. Біз бұл нысандардың қаншалықты маңызды әрі қажет екенін көріп отырмыз. Мұндай спорт кешендері бар кезде ата-аналар балалары үшін алаңдайды. Бұл — біздің сайлауалды бағдарламадағы басты бағыттардың бірі», — деді Павел Казанцев.

Комитет төрағасы сайлауалды бағдарламаның орындалуы — тек партияның ішкі жұмысы емес, Мемлекет басшысы бекіткен ұлттық даму жоспарының маңызды бөлігі екенін атап өтті.

«2023 жылғы сәуірде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған кеңесте Президенттің сайлауалды бағдарламасының ережелерін және Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихаттардағы сайлауда жеңіске жеткен «AMANAT» партиясының бағдарламасын жанартылған ұлттық даму жоспарына енгізуді тапсырды. Сайлауалды бағдарламаның барлық тармақтары мен көрсеткіштері

Үкіметпен келісілді, ал оларды орындау үшін жауапкершілік жергілікті атқарушы органдарға, салалық министрліктерге, сондай-ақ Мәжіліс пен мәслихаттардағы партия фракциясының мүшелеріне жүктелді», — деді ол.

Сонымен қатар Ұлытау облысында бірқатар өзекті мәселе мен жүйелі проблемалар байқалады. Аталған өңір «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асырудың 2024 жылғы жол картасы бойынша орындалмаған тармақтардың үлесі бойынша елімізде төртінші орында тұр. Былтыр жоспарланған іс-шаралардың 22%-ы орындалмаған. Сондай-ақ мердігерлерді таңдауда әкімдіктердің жұмысының сапасы төмен, конкурстық рәсімдер кешіктіріледі, жоспарлау формалды түрде жүргізіледі. Мәслихат депутаттарының бағдарламаның орындалуын бақылауға қатысуы әлсіз екені сыңа алынды. Кейбір мәліметтердің бағдар берілгені, есептерде өрескел қателіктерге жол берілгені және түзетулер енгізілгеннен кейін де бақылаудың болмағаны атап өтілді.

Партиялық бақылау бекеттерін әкімдік қызметкерлері немесе тіпті мердігер ұйымдардың өкілдері басқарғаны да алаңдаушылық туғызды.

Павел Казанцев кейбір нысандардың құрылысын ауыл әкімі немесе құрылыс жүргізуші компания өкілі қадағалағанын мысалға келтірді. Ол мұндай жағдайлар «партиялық бақылаудың мәні мен мақсатын мүлдем түсінбеуден» туындайтынын және барлық талапты жокқа шығаратынын айтты.

Ұлытау облысы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова Жол картасының нақты тармақтарының орындалуы туралы егжей-тегжейлі есеп берді. Негізгі мәселелер — қаржыландырудың жетіспеушілігі, құрылыс материалдарының қымбаттауы, конкурстардың кешіктірілуі, мердігерлердің ауысуы және жобалық-сметалық құжаттаманы қайта түзету қажеттігімен байланысты.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша Жошы хан кесенесіне апаратын жол учаскесінің құрылысы, бірқатар денсаулық сақтау нысандарының аяқталуы және Қаражалдағы аурухананы күрделі жөндеу сияқты бес іс-шара орындалмаған. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 12 медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету нысанының құрылысы аяқталды, тағы жеті нысан 2025 жылдың екінші жартыжылдығында пайдалануға беріледі. Ақтүбек және Кенгір ауылдарында амбулаториялар салынууда.

Зина Ақылбекова жас мамандарды қолдау, тұқым мен тыңайтқыштарға субсидия беру, жұмыс орындарын құру, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға инфрақұрылымды бейімдеу, мәдени нысан-

дардың құрылысын жүргізу сынды әлеуметтік бағыттар бойынша да бірқатар тәуекелді атады. Ол бірнеше бағыт бойынша түзетулер жүргізілгенін, жана конкурстар жарияланғанын және қосымша қаржыландыру қамтамасыз етілгенін айтты. Қиындықтарға қарамастан, өңірге инвестиция тарту мен әлеуметтік инфрақұрылымды жақсарту жағынан оң динамика байқалауда.

«AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Ержан Тоқымбаев облыста бес комиссия — облыстық, екі қалалық және екі аудандық комиссия жұмыс істейтінін жеткізді. 53 партиялық бақылау бекеті ашылған, олардың 23-і жұмысын аяқтаса, қалғаны әлі де жұмыс істеуде. Жыл басынан бері 60 рейд, 6 отырыс өткізіліп, мемлекеттік органдарға 30-дан астам ұсыныс жолданған.

Павел Казанцев партиялық және мемлекеттік құрылымдар арасында тиімді өзара іс-қимылды жолға қоюдың маңыздылығына назар аударды. Көптеген өңірлерде Жол картасын іске асыру бойынша штабтар тек формалды түрде құрылып, нақты үйлестіру жұмыстары жүргізілмейтінін айтты.

«Бұл мәселе жұмыс ұйымдастырудағы елеулі проблемаларды ғана емес, сонымен қатар кейбір мәслихат депутаттарының, әкімдік және филиал басшыларының жұмысына шынайы қызығушылық танытпай отырғанын көрсетеді», — деді ол.

Комитет іс-шараларды қаржылық қамтамасыз ету мен орындалуын бақылауға депутаттардың қатысуы әлсіз екенін, сондай-ақ партия жетекшілерінің өңірлердегі нақты жағдай туралы ақпаратты жеткіліксіз екенін атап өтті. Жиын соңында Павел Казанцев сындын мақсаты — кінә тағу емес, керісінше, нәтиже үшін барлық ресурстарды жұмылдыру екенін атап өтті.

Отырыс қорытындысы бойынша барлық деңгейдегі басшылардың жеке жауапкершілігін күшейту, түзетулердің ашықтығын қамтамасыз ету, партиялық бақылау бекеттерінің жұмысын жандандыру, әсіресе бастауыш партия ұйымдарының қатысуын арттыру және проблемалық мәселелер туралы ақпаратты Орталық аппаратқа жедел жеткізу тапсырылды.

С. БЕГІМБАЙ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» бағдарламасы Абай облысында жүйелі жалғасуда. Атап айтсақ, «AMANAT» партиясы мен Абай облысы Полиция департаменті «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында бірлесіп, өңірдегі экологиялық мәселелерді шешуді қолға алды.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ – ЕЛ НАЗАРЫНДА



Экологиялық мәдениетті арттыру және санитарлық нормаларды бұзудың алдын алу мақсатында полиция қызметкерлері мен «AMANAT» партиясының өкілдері бірікті. Акция шеңберінде мәслихат депутаттарының, полицияның қоғамдық көмекшілері мен партия белсенділерінің қатысуымен рейдтер мен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Іс-шара барысында қатысушылар тұрмыстық қалдықтарды рұқсатсыз төгуге жол бермеу және абаттандыру ережелерін сақтау қажеттігін ерекше атап өтті. Құқық қорғау органдары мен «AMANAT» партиясы өкілдерінің бірлескен жұмысы — қоршаған ортаны қорғау жолында мемлекет, «AMANAT» партиясы мен азаматтық қоғам арасындағы сындарлы әріптестіктің жарқын үлгісі.

Полицияның мәліметінше, жыл басынан бері санитарлық талаптарды бұзғаны және қоғамдық орындарды ластағаны үшін 4 мыңнан астам семейлік әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Сондай-ақ Шүлбі кентінде және Бесқарағай ауданының Шипалы көлі маңында «Таза жағалау» атты экологиялық акция өтті. Бесқарағай ауданында экологиялық бағдарлама аясында абаттандыру және тазалық жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Аудан көшелеріндегі тұрмыстық қалдықтар жиналып, арнайы техникамен шығарылды. Сонымен қатар Бесқарағай ауылында орталық стадион аумағында көрермендерге арналған орындар жөнделіп, сырлау жұмыстары атқарылды.

Экологиялық сараға ауылдың белсенді жастары мен тұрғындарынан құралған 30-ға жуық адам қатысып, туған өлкеге деген жанашырлықтарын нақты іспен дәлелдеді. Игі бастаманың басты мақсаты — ел ішінде экологиялық мәдениетті қалыптастыру және қоршаған ортаны қорғауға қоғам назарын аудару. Жергілікті тұрғындар мұндай шаралардың тұрақты түрде өткізіліп тұруы ауылдың көркеюіне, тазалығына және тұрғындардың табиғатқа деген жауапкершілік сезімінің артуына зор ықпал ететінін атап өтті.

Шараның басты мақсаты — су айдындарының жағалауын және халық көп жиналатын демалыс орындарын тұрмыстық қалдықтардан тазарту, сондай-ақ тұрғындар арасында табиғатты аялау мәдениетін қалыптастыру. Бұл — тек тазалық шарасы ғана емес, сонымен қатар қоғамды экологиялық жауапкершілікке шақыру, табиғатқа жанашыр көзқарас қалыптастыруды мақсат еткен бастама.

Жергілікті тұрғындар мұндай шаралардың тұрақты түрде өткізіліп тұруы ауылдың көркеюіне, тазалығына және тұрғындардың табиғатқа деген жауапкершілік сезімінің артуына зор ықпал ететінін атап өтті.

Шараның басты мақсаты — су айдындарының жағалауын және халық көп жиналатын демалыс орындарын тұрмыстық қалдықтардан тазарту, сондай-ақ тұрғындар арасында табиғатты аялау мәдениетін қалыптастыру. Бұл — тек тазалық шарасы ғана емес, сонымен қатар қоғамды экологиялық жауапкершілікке шақыру, табиғатқа жанашыр көзқарас қалыптастыруды мақсат еткен бастама.

К.ЕСІМ



«Алатау аманаты» жобасы аясындағы ұлттық таулы туристік соқпақтар желісінде адамдар қозғалысы көбейе бастады. Өткен аптада Үлкен Іле соқпағының негізгі бөліктерімен алғашқы қатысушылар — қоғам қайраткерлері, журналистер, блогерлер мен білікті жол нұсқаушылар жүріп өтті. Олар инфрақұрылымды тексеріп, ұсыныстарын білдіріп, бұл бағыттың алдағы уақытта қазақстандық туризмнің ең атақты жеріне айналуы мүмкін екеніне көз жеткізді.

«AMANAT» партиясы, Туризм және спорт министрлігі, Алматы қаласы мен Алматы облысы әкімдіктері және KazAlpineClub қауымдастығы бірлесе жүзеге асырған «Алатау аманаты» жобасының нақты кескіні пайда бастады. Жобаның негізгі желісі — ұзындығы 1 200 шақырымнан асатын ұлттық туристік соқпақ. Ол Шарын шатқалынан Танбалы петроглифтеріне дейін созылып, Алматы өңіріндегі ең маңызды табиғи, тарихи және мәдени орындарды біріктіреді. Пилоттық кезең аясында екі топ бірнеше негізгі бағытты сынақтан өткізді. Қатысушылар абаттандырылған экосоппақтармен қатар, күрделі таулы треккингпен де жүріп өтті.

Журналистер, блогерлер және қоғам белсенділері кірген алғашқы топ абаттандырылған туристік соқпақтармен жеңілдетілген бағытты жүріп өтті. Олар сапарын Алматы маңындағы ең қолжетімді табиғи орындардың бірі — көпшілікке сарқырамасымен танымал Аюсай шатқалынан бастады. Кейін бағыт

ТУРИСТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТТІ



хэйкинг әуесқойлары арасында танымал Үлкен және Кіші Алматы өзендерінің аралығындағы Көкжайлау үстірті арқылы жалғасты. Қатысушылар алғашқы күні 2 200 метр биіктікте орналасқан Шымбұлақ тау курортындағы Shymbulak Resort Hotel қонақүйінде түнеді. Екінші күні қатысушылар Бутаков шатқалына бағыт алды. Бұл — орманды, бұлақты және әсем көріністері бар тыныш мекен. Топ Орман асуын кесіп өтіп, Бесқайнар ауылы маңындағы глемпинг аймағына жетті, ал үшінші күні өңірдегі ең танымал тау туристік кешендерінің бірі — Oi-Qaragai курортында мәреге жетті.

«Бұл бағыт — тау арасымен жүріп өтетін жай ғана көрікті жер емес. Ол 1980 жылдары жыл сайын 200 мыңға жуық адам жүріп өтетін кеңестік туристік соқпақтармен ішінара сәйкес келеді. Бүгінде біз бұл жолды жана деңгейде — сапалы инфрақұрылыммен және экологиялық жауапкершілікпен қайта жаңғырта аламыз», — деді журналист Олег Белов.

Kursiv басылымының бас редакторы Татьяна Николаева қазақстандық соқпақтар шытырман туризмді жақсы көретін кез келген деңгейдегі туристі қабылдауға дайын екенін атап өтті. Оның айтуынша, бұл бағыт елдің мықты брендіне айналуы мүмкін.

Осы уақытта екінші күрделі бағытпен KazAlpineClub қауымдастығының тәжірибелі нұсқаушылары, білікті гидтері мен еріктілері жүріп өтті. Олар да Аюсай шатқалынан бастап, 2511 метр биіктікте орналасқан Үлкен Алматы мұзды көліне жетті. Кейін Карнизный шыңына (шамамен 3 300 метр) көтеріліп, Алматы-Алағир асуын кесіп өтті. Топ сонымен қатар тәжірибелі треккерлер арасында танымал, алайда жетуі қиын Терра таулы жайлауына жетті. Жорықтың соңғы нүктесі — Алматының онтүстігінде орналасқан, ыстық бұлақтары мен демалыс аймақтарымен танымал Алма-Арасан шатқалы болды. Жанбыр мен бұршақ жауып, жел тұрған қолайсыз ауа райына қарамастан, топ бағытын сәтті аяқтап,

Инабат АРМАНҚЫЗЫ

17 ШІЛДЕ 2025 | БЕЙСЕНБІ

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ОТАНДЫҚ ӨНДІРІСКЕ СЕРПІН БЕРЕДІ



«Самұрық-Қазына» қорының компаниялар тобы үшін сатып алудағы басым бағыттардың бірі – отандық тауар өндірушілерге қолдау көрсету.

Қордың қолданыстағы Сатып алу ережелерінде мемлекеттік және өзге де реттелетін сатып алу жүйелерінде баламасы жоқ 16-дан астам бірегей шара бар.

Аталған ережелер бойынша:

- Тауарды сатып алуда отандық тауар өндірушілерге басымдық беру;
- Жұмыс пен қызметті орындау кезінде мердігер ұйымдардың отандық тауар өндірушілер өнімдерін сатып алу міндеттемесі;
- Отандық тауар өндірушілерді барлық түрдегі қамтамасыз етуден босату және т.б. көзделген.

2024 жылы отандық тауар өндірушілермен жалпы сомасы 1,1 трлн теңгеден асатын келісімшарттар жасалды. Оның ішінде 494 млрд теңге – ұзақмерзімді келісімшарттар, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 76 %-ға артық.

2025 жылы бұл көрсеткішті тағы 25 %-ға арттыру жоспарланып отыр. Қор отандық өндірушілерді белсенді

түрде қолдайды, ал оның сатып алу жүйесі ішкі өндірісті дамытуға бағытталған.

ҚОРДЫҢ САТЫП АЛУЛАРЫ АРҚЫЛЫ ИМПОРТТЫ АЛМАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖАҢА ӨНДІРІСТЕРДІ ҚҰРУ КӨЗДЕЛЕДІ

«Самұрық-Қазына» шетелден сатып алынатын тауарларды алмастыратын жаңа өндірістерді құру бағдарламасына ерекше көңіл бөледі.

Қазақстан аумағында өндіріс ашуды жоспарлаған шетелдік инвесторлар 20 жылға дейінгі мерзімге және дайын өнімі кепілді түрде өткізілетін ұзақмерзімді офтейк-келісімшарт жасаса алады. Осылайша, Кор инвесторлар үшін қолайлы орта қалыптастыра отырып, елдің импортқа тәуелділігін азайтады.

Бизнесті жүргізуге жасалған қолайлы жағдайлар нәтижесінде америкалық Wabtec және француздық Alstom сынды ірі компаниялар Қордың портфельдік компаниясы – «Қазақстан темір жолымен» ұзақмерзімді келісімшарт жасасып, өндірісті Астанада жүргізе бастады.

2024 жылы жалпы сомасы 191 млрд теңгеге 348 офтейк-келісімшарт жасалды, бұл алдыңғы жылға қарағанда 10 есе көп.

2024 жылы Қордың сатып алу жүйесінің ашықтығы Экономика-



лық ынтымақтастық пен даму ұйымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформаларына жүргізілетін мониторингтің бесінші кезеңі аясында аталды. Сондай-ақ

Еуропалық қайта құру және даму банкі мен Азия даму банкі «Самұрық-Қазынаның» сатып алу жүйесін халықаралық стандарттарға сай деп таныды.



НАРЫҚ

Басы 1-бетте

Бұл белеске жету онайға соққан жоқ. Цифрлық теңгені енгізу ұзаққа, онжылдыққа созылып кетті. Оған коронавирус серпін берді. Мысалы, пандемия заманында Қазақстанда үйіне қамалған адамдарға қызмет көрсету үшін түрлі салалар қарқынды түрде электронды форматқа көшірілді, цифрландыру шырқау шегіне жетті. Сонда 2021 жылғы 9 желтоқсанда, Үкімет отырысында Ұлттық банк ұлттық цифрлық валютаны енгізу жөніндегі пилоттық жобаны қолға алғанын сенімді мәлімдеді.

Ұлттық банктің сол тұстағы төрағасы Ерболат Досаев айтқандай, «Цифрлық теңге» жобасы отандық қаржы секторының цифрлық инфрақұрылымын дамытады және осы салаға қаржылық инновацияларды енгізу бағдарламасының ұстынына айналды.

– Ұлттық цифрлық валюта – цифрлық теңгені енгізу жөніндегі пилоттық жоба биылғы жылдың негізгі бастамаларының бірі. Жоба қаржы нарығының қатысушыларымен және халықаралық әріптестермен бірлесіп қолға алынды. Қазіргі уақытта цифрлық теңге платформасының прототипін әзірлеу аяқталды. Президент тапсырмасымен Ұлттық банк 2022 жылғы 1 шілдеге дейін пайда мен шығындарды бағалап, цифрлық теңгені енгізу туралы шешім қабылдау моделін әзірлейді. 2022 жылғы желтоқсанда цифрлық теңгені енгізу қажеттілігі туралы қорытынды шешім әзірленеді, – деді Е.Досаев.

Алайда цифрлық теңгені енгізу 2022 жылы емес, тек 2024 жылы қарқынды жүргізілді. Соның алдында Мемлекет басшысы бюджет қаражатының жұмсалудың айқын ету, ашықтығын арттыру үшін бюджеттік саясатқа цифрлық теңгені интеграциялауды қайта тапсырған болатын. Мұның сыртында Президент Қ.Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында қаржы жүйесін цифрлық трансформациялау және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру үшін озық технологияларды енгізу жөнінде міндеттер қойды.

БЫЛТЫРДАН БЕРІ НЕ ІСТЕДІ?

Ұлттық банктің қазіргі төрағасы Тимур Сүлейменов айналымға 257,5 млрд цифрлық теңге шығарылғанын хабарлады. Платформа қазір тәжірибелік-өнеркәсіптік эксплуатациялау кезінде екен. Елдің бас банкірі ұлттық валютаның осы жаңа түрін 2025 жылғы желтоқсан айында толыққанды іске қосуға уәде етті.

Ұлттық банктің цифрлық трансформациялау жетекшісі Бинұр Жаленовтің айтуынша, цифрлық теңге 10-нан астам бағыт бойынша сыналғып үлгерді. Атап айтқанда, қосылған құн салығын (ҚҚС) кәсіпкерлер мен компаниялардың цифрлық теңге көмегімен төлеуі арқасында отандық

ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕ – АДАЛ АЗАМАТТЫҢ ИГІЛІГІ



тауарларды шетелге экспорттаушыларға ҚҚС-ті сол цифрлық теңгемен кері қайтару мерзімі 5 жұмыс күніне дейін қысқарған.

Салыстырар болсақ, қарапайым теңгемен, яғни ҚҚС-ті қолма-қолсыз электронды түрде қайтаруға кем дегенде 75 күн кетеді. Тіпті, бюджеттен жыл басынан бері ҚҚС-ін кері ала алмай жүрген компаниялар жетерлік.

Цифрлық теңге сыбайлас жемқорлықпен күресуге жәрдемдеседі. Ал ең ірі коррупциялық схемалар жолдар құрылысында екені жасырын емес. Жолдарды жөндеуге арналған қаражатты танбалау, яғни оған республикалық бюджеттен бөлінетін ақшаны цифрлық теңге түрінде беру «Павлодар – Атырау» және «Мұқыр – Құлсары» жобаларында сыналды.

2025 жылғы маусым айының соңында Қазақстанда – Павлодар облысында, пилоттық бағдарлама аясында цифрлық теңге қолданылған алғашқы жол ел игілігіне тапсырылды. Цифрлық теңгемен қаржыландырылған жол құрылысы жұмыстары «РФ шекарасы (Омбыға қарай) – Майкапшағай» автожолының 383–390 шақырым аралығындағы 7 шақырымдық учаскені қамтыды. Аталған автожол І техникалық санатқа жатады. Бұл учаскеде соңғы жөндеу жұмыстары 2015 жылы жүргізілген болатын.

– Сондай-ақ «Достық – Мойынты» теміржолының және «Талдықорған – Үшарал» газ құбыры учаскесінің құрылысы да цифрлық теңге пилоттық жобасы арқылы жүзеге асырылды. Ұлттық қордан қаржыландырылатын жобаларға бөлінген қаржының мақсатты жұмсалудың бақылау үшін де цифрлық теңге пайдаланылады. Алдағы уақытта тағы бірнеше ірі жобаны,

нақтыласам, «Бейнеу – Бозой – Шымкент» газ құбырын, Газ бөлу кешенін және «Бакты – Аягөз» теміржол телімін салу сияқты жобаларды осылай іске асыру жоспарда тұр, – деді Бинұр Жаленов.

ӨРІСІ ОН ЕСЕ ҰЛҒАЙМАҚ

Елде «Ауыл аманаты» жобасы қолға алынғаны белгілі. Ауыл тұрғындарының табысын арттырудың осы бағдарламасы кез келген ауылдыққа өз бизнесін ашуға, жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыруға ықпал етеді. Осы мақсатта ауыл тұрғындарына 2,5%-бен арзан шағын несиелер үлестіріледі. Бұл салада да жемқорлық фактілері анықталып жатыр.

«Ауыл аманаты» аясында 8 мың АЕК-ке (2025 жылы 31 456 000 теңгеге) дейінгі сомаға ауыл шаруашылығы кооперативтеріне жеңілдікті кредит беру де көзделген. Биыл бағдарламаға 50 миллиард теңге бөлініпті. Осы миллиардтар талан-тараж етілмей, нысаналы жеріне жұмсалуды үшін «Ауыл аманаты» аясында қаражатты уақытша бұғаттау тетігі сынақтан өтіпті.

Жалпы, цифрлық теңгенің әлеуеті зор, мүмкіндіктері мол. Енді Ұлттық банктің дерегіне, цифрлық теңгені сондай-ақ жылжымайтын мүлік пен автокөлікке қатысты мәмілелер жасау, мектептегі тамақтану, қымбат тауарларды сатып алу, агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік несиелеу құралдары сияқты басқа да бағыттарда енгізу мәселелері пысықталып жатыр.

Цифрлық теңгені заңдастыру бағытына да ерекше екпін түсіріледі. Бұл мақсатта бүгінде нормативтік-құқықтық база жетілдіріліп жатыр. Осы туралы Үкімет

басшысы Олжас Бектенов мәлім етті. Оның айтуынша, «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» заңға, цифрлық шот ұғымын және басқа да ілеспе нормаларды енгізуді қоса алғанда, бірқатар заңнамалық түзетулер дайындалған.

Премьер-министр цифрлық теңгенің негізгі артықшылықтарын атап өтті. Оған оның бағдарламалауға және танбалауға икемділігі жатады. Мысалы, Теңге сарайынан шығатын қарапайым банкноттардың бір бөлігі жеке және заңды тұлғалардың қолына түскеннен кейін ғайып болады. Өйткені азаматтардың бір бөлігі жинағын үйінде жасырып ұстайды. Тағы бір бөлігі шынымен де жоғалып қалады.

Қолма-қолсыз электронды теңгені де бақылау күрделі. Белгілі бір буындарында ізі қалмайды. Ал дәп бір шынжыр сияқты тоқтаусыз тізбектелетін цифрлық теңгенің әрбір тізбегі, кімнің қолынан кімге көшкені арнайы жүйеде жазылып тұрады. Бұл қаражаттың қозғалысын қадағалауға және мақсатсыз пайдаланудың алдын алуға мүмкіндік береді. Бұған қоса, «ақшаның» әрбір партиясын жеке танбалауа болады. Мәселен, «ҚҚС қайтаруға арналған ЦТ», «Әлеуметтік жәрдемақы үшін ЦТ» деген сияқты.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, цифрлық теңгенің көмегімен ақшаны танбалау және қадағалау бойынша пилоттық жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр. Цифрлық теңге бюджет қаражатын мақсатты пайдалануда толық ашықтықты және жүйелі бақылауды қамтамасыз етеді. Ақшаны танбалауды кеңейтуді тиімді жүзеге асыру үшін акпараттық жүйелердің «Цифрлық теңге» платформасымен уақытылы интеграциялануын қамтамасыз ету қажет, – деді Олжас Бектенов.

Оның пайымдауынша, бұл іс сондай-ақ тиісті нормативтік құқықтық базаны пысықтау талап етіледі. Соның ішінде «Боялған ақша» тетігін енгізу сапалы және толық көлемде жүзеге асырылуға тиіс. Сондықтан Премьер-министр жедел арада Ұлттық қор мен бюджет есебінен қаржыландырылатын кемінде 100 ірі жобаны «цифрлық теңге» форматына ауыстыруды тапсырды.

Яғни, 2024 жыл бойы цифрлық теңге оншақты жобадан астам қолданылса, енді бұл сан бірден он есеге ұлғаяды. Демек, жауапты тұлғалар да күш-жігерін, қарым-қарекетін еселеп арттырғаны жөн. О.Бектенов мемлекеттік органдарға Ұлттық банкпен

және мүдделі ұйымдармен, бизнеспен бірлесіп, экономиканың жекелеген секторларына цифрлық теңгені кең көлемде жедел интеграциялау жөніндегі Жол картасын әзірлеуді жүктеді.

МЕМЛЕКЕТ ҚАМҚОРЛЫҒЫ ДІТТЕГЕН ЖЕРІНЕ ЖЕТЕДІ

Цифрлық теңгенің бір жақсы жері, оны мемлекет қалаған көлемде шығара алады. Инфляцияға қысым жасамайтын көрінеді. Осыған байланысты цифрлық теңгенің аса қажет бір саласы бар, ол – халықты әлеуметтік қамсыздандыру. Ұлттық экономика министрлігінің ақпаратынша, республикалық және жергілікті бюджет шығыстарының жартысынан көбі – 18 триллион теңгеден астам сома әлеуметтік салаға бағытталыпты. Оның ішінде зейнетақы, түрлі жәрдемақы мен әлеуметтік төлем, атаулы әлеуметтік көмек, басқасы бар. Ал бұл шығындардың тиімділігіне қатысты үлкен сұрақтар туындап тұрады.

Үкімет, мысалы 9 орталық мемлекеттік орган және барлық жергілікті атқарушы орган әлеуметтік шығыстардың әкімшілері болып табылатынын атап өтті. Бұл осы шығыстардың бөлшектеніп және оған бақылаудың босансып кетуіне алып келеді екен. Қаржы тасқынына жолай қауға салып, қарпып қалуға тырысатын шенеуніктер табылады.

Ал цифрлық құралдардың пайдаланылуы арқасында, Олжас Бектеновтың пікірінше, әлеуметтік мақсаттарға жұмсалатын бюджет қаржысын бақылау да күшейтіледі. Пилоттық режимде Тараз, Шымкент, Түркістан және Орал қалаларында балабақшаларды қаржыландырудың ашық цифрлық тетігі енгізілді.

Бұл жалған мәліметтерді, қосып жазуды жою есебінен 4 қаланың өзінде ғана 20 миллиард теңгеден астам қаражатты үнемдеуге мүмкіндік береді. Қазір бұл тәжірибе елордала енгізілу үстінде. Жыл соңына дейін бүкіл ел аумағына таратылатын болады.

Цифрлық теңге қолданылатын «Әлеуметтік әмиян» да атаулы-адресі мемлекеттік қолдауды күшейту және айқын ету құралына айнала бастады. Сол арқылы балалардың тамақтануы мен мұқтаж жандарға дәрі-дәрмек алу үшін ақы төленеді. Бақылауды күшейту мақсатында тегін берілетін дәрі-дәрмектерді танбалау аяқталды.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің түсіндіруінше, Әлеуметтік әмиянда пилоттық режимде «ақшаны бояу» функционалы бар цифрлық теңге енгізілді. Ол бюджеттен бөлінген әлеуметтік қолдау қаражатының әрбір теңгесін кімдердің алғанын көрсетеді. Сөйтіп, қаржы қозғалысын түпкі алушыға дейін қадағалап, барлық шығынның тізбегін онлайн бақылауға мүмкіндік береді.

Елдос СЕНБАЙ

БІЗДІҢ СҰХБАТ

17 ШІЛДЕ 2025 | БЕЙСЕНБІ

Көрнекті ақын
Ақұштап Бақтыгереева
Қасымхан Бұғыбай жайлы:
«Сен мені тебіренгіп жібердің,
бәріне де ризамын. «Айнамкөз»
әнінің авторы, халық композиторы
Мұхиттың басында жаман бір ескерт-
кіш тұр. Құдіретті өнер қалады. Әрқай-
сысыңның орның бөлек», – деп актерге
ақ батасын беріпті. Бүгін біз Қалтбек
Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық
музыкалық драма театрының актері,
көрерменнің көзайымына айналған
сахна шебері, әр образын жүре-
гінен тудыратын талант иесі
Қасымхан Бұғыбаймен
сұхбаттастық.

— Бір сұхбатыңызда айтқаныңыздай, 1992 жылы Семей қаласына Құрылыс училищесіне оқуға келген екенсіз. Кейін Досхан Жолжақсынов ағамыздың қолдауымен өнер әлеміне қадам басыпсыз. Жалпы, бала күніңізде кім боламын деп армандадыңыз? — Қазақта «баладай мұнсыз бол» деген тамаша сөз бар. Бұл сөз бата да болуы мүмкін. Ойланып қарасам, баладай мұнсыз болу бақыттың шыңы шығар. Мен дәрігерлер отбасында өстім. Алтай тауларының ең асқар шыңдарының ортасында, жан-жағымыз нұрман, Моңғолияның Баян-Өлгей аймағы, Дайын деген өлкеде дүние есігін аштым. Астымызға шыбық, қолымызға қамшы ұстап, сол шыбықты бірінші ат қылып мініп шапқылап өстік. Кейіннен атқа мінуді үйрендік. Содан өмір өзі жылжытып өкте берді. Бала күңгі ұшқыр қиял мені жетектеп өнерге алып келді. Жалпы, менің бала күнімде теледидар болмады. Себебі менің ата-анам көбіне малшылармен жайлауға бірге барып, содан қыстау жакқа көшіп ауруханаларда халыққа қызмет етті. Үйіміздің ас бөлмесіндегі сөрелердің жоғарғы жағында радио тұратын. Менің есімде қалғаны радиода «Дудар-ай» әні айтылып жатыр екен. Сонда мен өскенде осындай әнші боламын деп армандайтынмын. Әкемнің жанында ауруханаларға жиі барып жүрдім. Наукас жандарды көп көретінмін, мүмкін сол себепті шығар дәрігер болуды қаламадым. Тағы бір есімде қалғаны, бір күні ауылымызда кино көрсететін болып, арнайы шатыр құрылды. Ауылымыз өте тыныш болғандықтан, дауысы алысқа естіледі. «Қыз Жібек» фильмі еді. Сол кинотуындыны көргеннен кейін ертесіне бүкіл ауыл балалары атқа қонып, қолдарына бір-бір уық, болмаса ұзын ағаш алып ат қылып шабатынбыз. Мен аттың бауырына түсіп, Шегенің әндерін айтатынмын. Солай актер болуды армандадым. Менің бала күңгі арманым орындалды деп санаймын. Өйткені басқа мамандықты көз алдыма елестеткен де емеспін.

— Театрдағы рөлдерің жайлы сұрағым келеді. Ең алғашқы сахнадағы тәжірибеніз Бекзат кейіпкерімен басталған екен. Сонымен қатар Кебек, Әміре, Қалтай, Давид, Шеге сияқты рөлдерде ойнадыңыз. Жалпы, өз кейіпкеріңізді зерттейсіз бе? — Театрдағы ең алғашқы рөлім «Пайпай, жас жұбайлар» қойылымында қарапайым ауылдың баласы Бекзат болды. Өте кішкентай рөл болса да, сәтті шықты. Режиссер Нұрлан Жұманиязов еді. Негізі, менің рөлдерім Алматыда Өнер академиясында басталды. Есім Сегізбаев, Кәукен Кенжетәев, Тілектес Мейрамов сияқты ұстаздарымының айтуымен Өнер академиясында біраз рөл ойнадым. Ал Алматыға Мұхтар Әуезов театрына келгенде ең алғашқы сомдағым «Еңлік-Кебек» қойылымындағы Кебектің рөлі болды. Сол кезде Кебекті ойнауды армандадым, кейін ескі Қуанышбаев театрында осы рөлді алып шықтым. Спектакльде ойнаған кезде есімде қалған бір оқиға бар. Мен Еңлікке «Кимасым, құштарым кеш мені» деп айтып қалыппын. Қатты сасып қалдым, бірақ көрерменге кимасым болып естілсе керек. Кейін барлығы мені құттықтап жатқанда, Нұркен Өтеуіл құшағын жайып: «Бәрекелді, Қашымхан құшті ойнадың», — деді. Сондай бір қызық оқиға болып еді. Сол қойылымға дейін бе әлде кейін бе есімде жоқ, бірақ менің Еңлік деген қызым дүниеге келді. Ал Әміре — мен үшін ерекше рөлдердің бірі. Өйткені ол рөлге жанымды салдым. Себебі маған әсіресе әншілігі жағынан өте жақын рөл еді. Әміренің тағдыры бәрімізге белгілі. Парижде барып келгеннен кейін, «Қыз Жібектің» премьерасы болатын күні түнде қауіпсіздік комитеті соңына түсіп, оны қасакана өлтірді. Бұл қойылым маған Әміренің аса ауыр тағдырымен есте қалды. Спектакль өте сәтті шықты. Қойылым Батыс Қазақстан облысында өткен фестивалде бірінші орын алған болатын. Дегенмен, өкінішке қарай, декорацияның, костюмдердің нашарлығынан жаңа театрға келгенде репертуардан түсті. Әрине, спектакльдің кетуіне қарсы болып жиналыста Әмірені қайта қойайық дегенде режиссер қарсы болды. Жалпы, қандай рөл болса да, ерекше қатты дағындаламын. Әрбір рөлде басқа кейіпкерлерге ұқсамайтындай бір ерекшелік табуға тырысамын. Мысалы, Әлімбек Оразбеков қойған «Қорғанысдың күні» қойылымында біраз уақыт Қалтайдың образын таба алмадым. Қасымда партнёрім Ерлан Малаев бар. Бір жарым ай ізденіп жүріп, тура шығар кезде құла-



Қасымхан БҰҒЫБАЙ, актер:

ғымның бір жағын басып, арқамды бүкірейтіп алдым. Жақында Бертольд Брехтің «Кавказдағы борлы шеңбер» пьесасының желісімен жас режиссер Ұлан Қабылды «Шенбер» деген спектакль қойды. Сол жерде Давид рөлін сомдадым. Давидті алғаш берген кезде маған ұнамады. Себебі 80 беттік пьесаны оқып отырсам, Давид өтірік ауырып, соғыстан қашқан пасық адам екен. Неге екенін білмеймін, осы рөлді оқып отырған кезде мұрныма сасық иіс келді. Режиссерге барып: «неге маған осы рөлді бердің?» — деп сұрағанымда: «Аға, сізге бұл кейіпкерлі әдейі бердім. Көресіз, бұл жақсы дүние болады», — деді. Шынымды айтсам, басында осы жобаға шақырып жатыр дегенде аса ұнатпадым, бірақ Ұлан бауырымның алға қойған мақсатына, жинаған біліміне қарап оған сендім. Өзім де бұл қойылымға өте мұқият дайындалдым. Әріптестердің, көрермендердің айтуы бойынша жақсы шықты. Мағжан Жұмабаев атамыздың «Мен жастарға сенемін» деген сөзі бар. Жалпы, елімізде мықты жастар өсіп келе жатыр. Сол жас буынға қолдау көрсетіп, оларға сенуіміз керек екеніне тағы бір көзім жетті. Шеге кейіпкеріне келер болсақ, «Қыз Жібек» спектаклі біздің театрда екі рет қойылды. Бірін ескі театрда Сайлау Камиев қойды. Жаңа театрда «Қыз Жібек» өте ауқымды жоба болды. Себебі бұл қойылымда Базарбай, Қыз Жібектің әкесі Сырлыбай барлығы қамтылды. Екі қойылымда да Шегені ойнадым. Бұл кейіпкерді жақсы білгендіктен аса дайындалғаным жоқ. Бірақ қойылым болатын күні тамағымды ауыртып алып, қатты қиналдым. Екінші премьерада ойнауым керек еді, алайда туған жөңгем қайтыс болды, сол себепті қатыса алмадым.

— Жақында «Жошы хан» атты тарихи танымдық туынды жарыққа шықты. Тарихи деректі фильмде жыршының рөлін сомдапсыз. Бұл жобаға кастинг арқылы келдіңіз бе? — «Жошы хан» атты деректі фильміне дейін Майя Бекбаеваның жобаларында Шәкәрімді ойнағанмын. Содан соң маған хабарласып, «Жошы хан» жобасында Кетбұға рөлін ұсынды. Яғни, кастинг арқылы емес, өздері хабарласып шақырған болатын.

РЕЖИССЕРДЕН ЖОШЫ ХАННЫҢ РӨЛІН СҰРАДЫМ

— Театрда «Жошы хан» қойылымы жүріп жатыр. Ол жерде Кетбұғаны ойнайсыз. Екі «Жошының» айырмашылығы қандай? — Шынымды айтсам, спектакльде Жошы ханды ойнағым келді. Өйткені Жошы ханның тарихын өте жақсы білемін. «Жошы хан» қойылымы театрда ең сәтті жобалардың қатарында. Себебі бұл спектакльді Мемлекет басшысы өзі келіп тамашалады. Сонымен қатар осы қойылым аясында біздің театрға «Ұлттық театр» мәртебесі берілді. Әрине, Болат Ұзақов ағамыздан Жошы рөлін сұрадым. Ол кісі бұл рөлді басқа актерге беріп қойғанын айтты. Кейін Кетбұға кейіпкерін зерттеп отырсам, мықты қолбасшы болған хандардың деңгейіне тұрарлық тұлға екен. Өкінішке қарай, Кетбұғаның сахнасы режиссердің шешімімен қысқарып қалды. Сол сәтте қатты өкінгенім бар еді. Жалпы, бұл қойылымға да ерекше дайындалдым. Есімде қалғаны — Жошы ханға арнап жыр айтылу керек болды. Оңай жол іздеп бұрыннан келе жатқан екпінді термеге сала салуыма болар еді,



Бұл жерде көрерменді кінәлауға болмайды. Себебі көрерменге не ұсынасың, соны жұтады. Әрине, үлкен мақалалар жазып, сын көзімен қарайтын сауатты көрермен өте көп, лайым солай болады да. Мен де мағынасы жоқ арзан дүниелерге қарсымын.

алайда жаңашылдық іздедім. Қойылымның композиторы Еділ Құсаинов болса да, халық әншілерінің арасынан әрі әнші, әрі актер Құмарбек Қалқатай аға өтініші айтып, жеке ән жаздырттым. Негізі, маған режиссердің қойған талабы бойынша жырды тамаққа салып айтуым керек болды. Дайындық барысында қойылған талапты орындадым, бірақ олай орындау менің дауысымды отырғызып тастады. Ал домбыраны сыңар бұрау арқылы өте керемет әуен шықты, бүгінгі күні қойылымның басында орындап жүрмін. Өкінішке қарай, режиссердің шешімімен бұл жыр қойылымда қалды да, Кетбұғаның болмысы ашылатын негізгі сахна қойылмайтын болды. Бұл екі жобада Кетбұғаның айырмашылығына келер болсақ, фильм ақпараттың көрерменге жетуіне театрлан қарағанда көп әсер етеді. Майя Бекбаеваның бұл туындысында Кетбұғаның жыршы ретіндегі қырын көрсетуге көп назар аударылды. Мен «Ақсақ

құлан» атты күйді орындадым, аңыз бойынша Шынғыс хан күй арқылы Жошының өмірден өткенін түсінеді.

Жалпы, кейбір адамдарға қарап «осындай тұлға болсам» деп ойлаймын, сондай адамдардың бірі — Болат Ұзақов. Себебі ол — өте сабырлы, ұсақ-түйекке мән бермейтін интеллекті жоғары адам. «Маған дәл қазір Кетбұғаны ойнайтын адам маңызды болып тұр, сенен басқа ешкім жоқ» деген сөзіне тоқтадым. Ал шын мәнінде, Жошыны ойнағым келді. Бүгінгі күні Жошыны өте жоғары деңгейде Қайыржан есімді жас актеріміз сомдайды.

— Жаныңызға театр жақын ба әлде кино ма? — Әрине, маған театр жақын. Себебі театр — менің екінші үйім. Сахнадағы әрбір ойнаған рөлім өзімнің балам сияқты. Бірақ киноны да алыс өнер деп айта алмаймын. Қазақстан ұлттық арнасы түсірген «Абай» телехикаясында Жиреншені ойнадым. Жиренше кейіпкері жаныма жақын болды. Жалпы, рөл ойнардың алдында образға толық кіремін. Әрине, қойылым алдында ауырып қалған кездерім де болды. Бірақ сахнада оның барлығы ұмытылып кетеді. Сол тұрғыдан маған театр жақын, дегенмен қазақтың мәдениетіне, өсіп-өнуіне әсер ететін кинолар болса түсер едім.

— Түріктің, көрістің тарихи киноларына көрермен тамсанып қарайды. Ал қазақтың тарихи киноларына не жетіспейді? — Жалпы, түріктер — ешкімге жалтақтамайды, тарихы бұрмаланбаған, сан ғасырлар бойы ешкімге тәуелді болмаған рухы биік ел. Түркияға барғанымда қызыға да қызғана қарадым. Себебі өздерінің тарихына өте үлкен жанашырлықпен

қарайтын халық. Түріктердің кинотуындыларының мықты болатын себебі де сол. Ал көрістер де тарихын ешкімге бұрмалатпаған халық. Жалпы, кез келген тарихи туындыда ұлтының рухын көтеру үшін көркемдік әдіс-тәсілдерді қолданады. Мысалы, бір ел екінші елден жеңілген болса, жеңіс өз жағында етіп көрсетеді. Ондағы мақсат — өскелең ұрпақтың рухын көтеру. 1932-1933 жылдардағы Голощекин бастаған ашаршылық сияқты басқа да біздің тағдырымызға әсер еткен оқиғалар көп болды. Біздің кез келген киномызда бірінші орында өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз айқын басымдылықпен тұруы керек. Бұрмаланып жазылған тарихымызды дұрыстап, көркемдеп жеткізсе, қазақтың рухы көтерілер еді.

КИНО САЛАСЫНА КӨРКЕМДІК КЕҢЕС КЕРЕК

— Бүгінде кино саласында комедия жанрында табыс көбірек деген түсінік қалыптасқан. Комедиялар да кімнің ақшасы бар болса, сол түсіріп жүр. Сұраныстың артуы көрермен таламының төмендігінен бе? — Бұл жерде көрерменді кінәлауға болмайды. Себебі көрерменге не ұсынасың, соны жұтады. Әрине, үлкен мақалалар жазып, сын көзімен қарайтын сауатты көрермен өте көп, лайым солай болады да. Мен де мағынасы жоқ арзан дүниелерге қарсымын. Бірақ жақында «ЗаманBack» комедиясын көрдім. Өте тамаша, маған қатты ұнады. Енді тарихи киномен, болмаса басқа драмамен ғана отыруға тағы болмайды ғой. Кейде адам шаршаған кезде комедияны таңдағысы келеді. Біздегі осы кино саласына көркемдік кеңес керек сияқты. Адамдардың қыруар қаражатын шығармай тұрып, сараптама жасайтын кезге жеттік. Әйтпесе, халықтың наразылығын тудыратын туындылар көбіе береді. Жалпы, есті, мағыналы комедиялардың түсірілуіне қарсы емеспіз.

— Бір сұхбатыңызда шығармашылық «әттеген-айларыңыз» жайлы айтқан едіңіз.

«Менің кезегім келмеді-ау деп тартыншақтап қалған кездерім болды» дедіңіз. Сол жайлы айтып беріңізші? — Менің шығармашылық «әттеген-айларым» өте көп, өйткені мен өз мүмкіндіктерімді білемін ғой. Мінезім өте шапшаң, тез ашуланып, тез қайтамын және ешқашан кек сақтаған адам емеспін. Жалпы айтқанда, қызуқанды адаммын. Дегенмен іштей «ұят болады, ыңғайсыз болады» деген сынды керітартпа мінезім де бар. Осы қазакы мінез шығармашылыққа келмейді екен, яғни осы мінезімнің кесірінен біраз дүниелерді жіберіп алғаным анық. Мені осыдан 2-3 жыл бұрын театрда кадр бөліміне шақырды. Маған бір мінездеме жазылған екен. Ол жерде «бұл актер басты рөлдерді ойнауға қабілетсіз» деген сынды пікір жазылып, құжат болып қатталыпты. Менің ашуланғаным сонша, өмірімде бірінші рет қан қысымым көтеріліп жаңағы қағазды жыртып жібердім. Кейде көңілге қатты тиетін әрекеттер адамдарды сындырып жібереді. Актердің көңілі хрусталь сияқты, жақсы дүниеге жадырап, жаман әрекетке құлазып қаласын. Біздің театрымыздың директоры әрі көркемдік жетекшісі Еркін Жуасбек қызметіне өте қатал болса да дипломатияны сақтайтын. Көпшіліктің алдында актердің намысына тимей, шалыс басқан жерімізді әдемілеп жеткізетін. Сол кезең біздің театрымыздың ерекше алға басқан кезі еді. Ал қазіргі біздің айналамыздағы адамдар сол дипломатияны жоғалтты алды.

Театрда елге танымал актерлер бар. Ол өте жақсы. Біздің кейбір режиссерлер танымал актерлерге қатты сенім артып, тек танымал актерлермен жұмыс істеп кететін кездері болды. Әрине, барлығы емес. Мысалы, Болат Ұзақов қойылымдарында бір жаңа есімді танытып, жас өнерпазға қолдау көрсете алады. Ал кейбір режиссерлер жаңа есімді танымал ету үшін жұмыс істеуге ерінеді. Ол бір актерге үйреніп қалып, басқа актерлерден де сол әрекеттерді күтеді. Соның нәтижесінде орынсыз сын-пікірлер айтылып қалады.

БІРЖАН САЛДЫ ОЙНАУДЫ АРМАНДАЙМЫН

— Осы тұста жас буын өнерпаздарға ағалық кенесіңіз бар ма? Жас актердің бойында қандай қасиеттер болуы керек? — Біздің ізімізден еріп келе жатқан жас буын өте талантты, өте кішіпейіл. Оларға айтарым, ең алдымен шынайы болу. Қазаки мінез әрине жақсы, дегенмен шығармашылыққа, өнерге келгенде ұялып, тартынып қалулы қою керек. Сонымен қатар уақытты тиімді пайдалануы шарт. Ең басты мәселе — уақыттыңдай ұйықтап, танертең ерте тұруды әдетке айналдыру керек. Кез келген адамның қосымша табысы болуы қажет. Әрине, басқа жакқа көңілін ауып кетсе, актер бола алмайсың деген пікірлер айтылуы мүмкін. Бірақ актердің материалдық жағдайы дұрыс болмайынша, ешқандай рөлді дұрыс сомдай алмайды.

— Қазақтың белгілі ақыны Серік Ақсұңқар: «Атилай айғай салады ығли түсімде: — Адамзатқа мен де ие болған!» — деп», — атолай жырға қосқаны сияқты, сахнада әлем өміршілерінің тұлғасын сомдауды армандамайтын актер дүниеге жоқтың қасы. Сіздің арманыңыздағы рөл қандай? — Жоғарыда айтқанымдай, Жошыны ойнағым келген. Сол сияқты әлемдік деңгейдегі қолбасшыларды сомдауды армандаймын. Оның арасында актердің он жанбасына келетін рөлі болады, керісінше табиғаты мүлде жат кейіпкерлер де болады. Актер болған соң кез келген образды алып шығуымыз керек. Сөз арасында айттым ғой, «Шенбер» деген қойылымда Давид рөлі менің болмысыма қарама-қарсы кейіпкер еді. Режиссердің «Сізге басқа бағыттағы рөлдерді ойнау керек» деген сөзінен кейін осы рөлді сомдадым. Жалпы, режиссер де актерді тани білуі керек. Бізде мынандай үрдіс бар, бір актер бас кейіпкерді ойнаса соңына дейін сол ойнайды. Өсіп келе жатқан жастар сол үрдіске қарсы. Бір актер бас кейіпкерді ойнаса, келесі спектакльде басқа қырынан ашылуы керек. Жақында бізде «Күй» деген қойылым қойылды, басты рөлді Сырым Қашқабәев ойнады. Өте мықты актер, сыйлаймын, құрметтеймін. Келесі құрамда Жәнібек Мұсаев басты рөлді сомдайды. Әр актердің психологиясы, физикалық қозғалысы басқа. Оның бәріне бір адам сияқты қарай беруге болмайды. Сырымның қарағыз бір бөлек, Жәнібектікі бір бөлек. Елген көрермен басқа көзқараспен қарайды. Актерге сенім артылса, кез келген рөлді сапалы алып шығады.

Менің армандайтын рөлдерім көп. Қазіргі таңда Біржан салды қатты ойнағын келіп жүр. Адамның дауысы темір емес қой, жас өскен сайын дауысым да кейбір жерде көрініп қалатыны бар. Дауысым, мүмкіндігім бар кезде театрда Біржан салды ойнағым келеді. Басты мақсатым — Біржан салдың композиторлық, әншілік, орындаушылық өнерін, Алла берген талантын өз деңгейінде жеткізу. Біржан атамыздың өнері арқылы дала академиясының қаншалықты деңгейде болғанын көрсету. Тіпті, Біржан салды көбісі білгенімен, өмірінің қыр-сырын білмейді ғой. Ал көрермен театрдағы қойылым арқылы бір жарым сааттағы ішінде бір кітап оқығандай әсер алып шығады.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Көктем ҚАРҚЫН, Баян МАХСЕТ

ӨЛКЕ

17 ШІЛДЕ 2025 | БЕЙСЕНБІ

МЕРЕЙ

Еліміздің шығыс нүктесінен Арқаға қарай көсіліп жатқан әйгілі Тарбағатай тауының солтүстік-батысында Өкпеті мен Қызылтас деген екі құзар биігі бар. Сол екі биіктің арасында қазаны оттан түспеген, азаматы аттан түспеген, түлігі мыңғырып қырда жайылса, түлегі қыран боп Алашқа танылған бір қазыналы ауыл жатыр. Ол — құрылғанына биыл жүз жыл толып отырған Тарбағатай ауылы. Шындары мұнарлы болғанымен, топырағы құнарлы өлке. Нағыз «жатып қалған бір тоқты, жайылып мың қой болатын» майлы шүйгіні малға жайлы, қоныр салқыны жанға жайлы жерұйық десе болатындай. Бұл ауылдың айналасынан өткен ғасырларда небір сөз ұстаған сұңғыла шешендер, қол бастаған жаяу жүрек батырлар шыққан. Олар жайлы жазар болсақ, таусылмайтын ұзақ әңгімеге кетеміз. Жә, біздің нысанамыз жүз жылдықтың айналасында болғандықтан тарихқа тереңдемей-ақ қояйық.

Тарбағатай ауылының тарихы туралы бұған дейін жазылған жалғыз толымды еңбек бар. Ол — 1992 жылы «Қайнар» баспасынан жарық көрген Сапар Өзбекұлының «Мұра» деген кітабы. Кітап сонау адамзат жаратылысынан бермен қарайғы ауылдың территориясында ғұмыр кешкен ру-тайпалар, тарихи оқиғалар мен елге тұтқа болған тұлғалардың іргелі істерін қамтитын ғылыми-көпшілік еңбек деуге болады. Автордың айтуынша, кітапты жазуда Мұхаметжан Тынышбаев бастаған тарихшылардың еңбектерін, сол ауылдан шыққан атақты шежіреші карт Жақыпбек Кәріпбайұлының айтқандарын, көпті көрген көнекөз қариялар мен құймақұлақ оқыған азаматтардың естеліктеріне сүйенген.

«Мұра» кітабында Өкпеті мен Қызылтастың арасында алғашқы колхоздар 1928 жылы ұйымдастырылғанымен, оған дейін қосшы ұйымдары құрылғаны туралы дерек келтіреді.

«Алдымен Өкпетіде «Социал» қосшы ұйымы құрылды. Оның бастығы болып Әйтімбет Мүрсәлім Шегебаев тағайындалды. Қарабай баурайында «Елқонды» қосшы ұйымының бастығы болып Құлеке Әділ Жанботин тағайындалды. Мұндай жаңа тірлік

Басынан мұнар көшіп, бұлт аунаған,
Бабамның қонысы еді бұл тау маған.
Тарғыл жон жолбарыстай Тарбағатай,
Сен десе жүрегімен жыр саулаған.

(«Тарбағатай» деген өлеңімнен)

САН ТАЛАНТТЫ
ТҮЛЕТКЕН
ТАРБАҒАТАЙ

Осыдан дәл жүз жыл бұрын қазіргі Тарбағатай ауылының аумағына қағылған қосшы ұйымының қазығы жаңа өмірдің бастамасы деуге болады. Кеңес үкіметі уақытында егіншілік шаруашылықтың басты тірегінің бірі болды. Кейін одақ ыдырағанда жеке кәсіпкерлікке тесілі сала болып жалғасты. Бүгінде де елдің ішінен шығып егін салып жүрген кәсіпкерлер бар. Ендеше сол егін шаруашылығымен алғаш ауыл тұрғындары айналысқанына да жүз жыл толып отырғанын жоғарыдағы кітаптан берілген үзінді айғақтай түседі. Сол кезеңде қосшы ұйымының негізінде ауылда алғаш коопертив дүкені де ашылыпты. Дүкеннің сатушысы Қажыкен Кенжебаев деген азамат болады. Азық-түлік, күнделікті тұрмысқа қажетті бұйымдар сол дүкен арқылы тірі малға, аң терілеріне айырбасталады. Ауылдағы өркениеттің бір белгісі кооператив дүкеніне де биыл жүз жыл.

«Мұра» кітабындағы мынадай тарихқа назар аударып көрсек, «1928 жылы біздің осы күнгі ауылымыз Семей губерниясы, Өкпеті болысы екінші ауыл болып аталды. Осыған байланысты жергілікті өкімет — ауыл Совет құрылып, оның төрағасы Қыр-жы баласы Токбай Рақымжанов болды». [«Мұра» кітабы, 208 бет].

Дәл осы жылы қосшы ұйымдары ұлғайып, ауылдың қазіргі территория-



шакырым) теміржолдың бойындағы Аягөз ауданының құрамына өту туралы мәселе көтеріліп, 1968 жылы жоғарғы атқарушы билік оны құптаған. Сол уақыттан бері Аягөз ауданының үлкен бір ауылы болып жүйелі тіршілігін жасап келе жатыр. Біз ес жиып, етек жапқан кезеңде совхоз директорлары Рамазан Қалиев, Болат Түсіпбеков, Сапар Өзбеков деген ағаларымыз болды. Осы азаматтардың әрқайсысының басшылық жасаған кезінде ауылдың іргесінің кеңеюіне үлкен үлес қосқанын бала болсақ та көңілімізге тоқып өстік.



дың айналасында Тарбағатай ауылынан талай қаламы қуатты таланттар түлеп шықты. Әдебиет пен журналистикаға бірдей олжа салған Кенжеғазы Қасымов, Ерғазы Рахимов, Тұрарбек Пұшпақбаев, Бекен Шоланов, Ғазез Оңғарұлы, Ғабдул-Ғазиз Есембаев, Мұратбек Токтағазин, Талғат Ешенұлы бастаған қаламгерлердің сара жолын драматургия саласында Қанат Жүнісов, поэзияда Серікзат Дүйсенғазы мен Асхат Сүйіндік, Қуандық Аканов, журналистикада Дархан Каримов, Рахат Мамырбек, Жарқын Жұмаділов, Алмас Токабаев, Дәулет Мұқаев, Думан Кенжеғазыұлы т.б. жастар сәтті жалғастыра білді.

Тарбағатай ауылы өнер мен спорттан кенде емес. Оның топырағында өнердің өлмейтін дәні бар. Сонау XX ғасырдың басында Әміре Қашаубаев, Қали Байжанов, Манарбек Ержановтармен бірге ән салған әнші-сазгер, сал-сері, репрессия құрбаны Керімбай Райымбекұлынан бастап, оның қасына ерген ағайынды Әділбек, Рақымбек күйшілер (Әділбек күйші 1930 жылдары республикалық күйшілер сайысына қатысқан), әнші-музыкант, домбыра, скрипка, мандалин сынды аспаптарда ойнаған, әйгілі Дәнеш Рақышевтің ізбасары, Тарбағатай ауылында тұңғыш отбасылық ансамбль құрған Асылхан Дүрімбаев, Тортай күйші, Тәйшөк әнші т.б. өнерпаздар ауылдың мерейін асырған тұлғалар еді. Олардың ізін жалғап Мұқағали Мақатаевтың өлеңдеріне жазылған «Сәби болғым келеді», «Дарига, домбырамды берші маған», «Аягөз-ару», «Қазағым-ай!» т.б. әндерімен бүкіл қазақ даласын тербеткен композитор Тұрсынғазы Рахимов бастаған Мырзахан Сыдықов, Толғанбай, Қанат Жүнісов, Елдос Жаксылықов, Еркін Токсейітов, Жұмабек Жұмаханов, Медет Салықов, Жұпар Ғабдуллин, Саят Нұрғазин, Нариман Қажымұратұлы, Айбала Өсетқызы сияқты өнер мейталмандары бүгінгі қазақ сахнасының төрінде елді әуезді әнге бөлеп жүр.

Өнермен егіз спорт саласында да ауылдан шыққан санлақтар байрақты додаларда олжа салды. XX ғасырдың басында «ақ палуан» атанған Омарғазы палуанның облыстың түйе палуаны болғанын жұрт аңыз қылып айтады. Атамыздың көтеріп жаттыққан тасы мектептің мұражайында тұр. Оны әлі ешкім көтере алған жоқ. Ауданның бірнеше дүркін түйе палуаны Мәулітхан Жұманғалиев, спорт шеберлері Тілеш Құдайбергенов, Жәнісхан Жұмаділов, Бердібек Шоманов, Азамат Көкебаевтардың ізбасарлары бүгінде халықаралық деңгейдегі додаларда да жарқырай көрініп келеді. Қазақ күресінен тұңғыш әлем чемпионы, самбо күресінен Азия мен Еуропаның чемпионы Думан Қыздарбеков, бокстан әлем чемпионатының қола жүлдегері, Қазақстан чемпионы Берік Қалиев, қазақ күресінен әлем чемпионатының қола жүлдегері, қазақ күресі мен дзюдодан Қазақстан чемпионы Мейіржан Беріков сынды спортшылар ауыл мақтаныштары. Бұдан бөлек, Тарбағатай жастары жыл сайынғы аудандық, облыстық жарыстарда спорттың әр түрінен жоғары нәтиже көрсетіп келеді.

Жалпы, Тарбағатай ауылының түлектері туралы толықтыра жазсам үлкен кітапқа айналары хақ. Өйткені жұрт айтып жүргендей, бұл ауылдың тек топырағында ғана емес, адамдарында да буынаралық рухани сабақтастық бар. Алдыңғы толқын көрсетіп толқындағы жастарға тек үлгі келетін ғана қоймай, қолдан келгенше қамқорлық жасау да дәстүрге айналған. Бұл — жақсы дәстүр, озық өнеге. Сол топырақта аунап өскен ұлан ретінде туған ауылыммен әрдайым мақтанамын. Ғасыр тойың құтты болсын, тарихи Тарбағатайым!

Серікзат ДҮЙСЕНҒАЗЫ,
ақын, филология ғылымдарының кандидаты

осы күнгі шаруашылықтың сегіз жерінен құрылды.

Қосшы ұйымдарының алғашқы соқасы тыңға түрен салып, азын-аулақ болса да Тарбағатай жерінен әртүрлі дөңді дақылдар тұқымынан өнім алды. Өкімет салығын төлеп, өз қолдары өз ауызына жеткен қосшы ұйымының мүшелері жаңа дүниенің жақсылығына тереңдей түсуге жан тәнімен құлшыныс жасады», — деген мәліметтерден бүгінгі жүз жылдықтың қандай негізге сүйеніп өткелі жатқанын көруге болады [«Мұра» кітабы, 207-бет]. Өйткені кітап авторы ауыл тарихын жазуға дайындық барысында архив материалдарының жиналғанын, еңбектің соған сүйеніп жазылғанын айтады.

Тарбағатай қазақ даласындағы басқа өңірлер сияқты Кеңес үкіметі келгенге дейін мал шаруашылығымен айналысқан, жұрт бай-бағыландардың айналасына топтасқан, рулық-тайпалық жүйесі әбден қалыптасқан өлке болатын. Ол жүйенің де өзіндік жетістіктері болды. Халықтың бірқалыпты өмірін Қазан төңкерісі талқандап, мыңғырған малына сенген қазақ даласына қолдан жасалған аштық нәубетін жіберді. Мүйіз бен түйяқ жинау науқаны «бай бір жұттық» қағидасы бойынша елді тығырыққа тіреді. Қазақ даласында ашаршылық нәубеті басталды. Аштықтан тірі қалған қара халық «балапан басына, тұрымтай тұсына» деп бас сауғалап кетті. Сол қиындықтардың нәтижесі жайлау мен қыстаудың арасында көшіп жүрген жұртты жаңа жүйе отырықшылыққа мәжбүрлеп, тыңға түрен салуға илтірді.

сында бірнеше колхоздар құрылғанын, «Ыдырыш» тоғаны салынып ел суармалы егістікпен айнасына бастағанын да кітаптағы мәліметтерден көреміз. Бұл деректерді мұрағат құжаттары да дәлелдейді.

Жоғарыда келтірілген деректер арқылы біз Тарбағатай ауылының осыдан бір ғасыр бұрын тек жатаған тамдар салынған көп жатақтардың бірі емес, жаңа заманның өркениетіне ұмтылған, тың бастамалардың басында тұрған үлгілі ауыл болғанын танимыз.

1933 жылы ауылдың қазіргі аумағында тағы бірнеше колхоз құрылады. Сол ұжымдардың бірі, Жаман Қызылтас тауының аймағында орналасқан «Еңбек» колхозының төрағасы болып менің атам Дүйсенғазы Қасымов тағайындалыпты. Саналы ғұмырын ауылдың өркендеуіне арнаған Дүйсенғазы атам 1952 жылы бүкіл Өкпеті, Қызылтас баурайындағы барлық шаңырақтың басын қосатын Үшарал ауылдық кеңес құрылғанда соның алғашқы төрағасы болып сайланған екен.

Тарбағатай ауылы алғаш қазығы қадалған кезден бастап қазіргі Абай облысының территориясындағы үш ауданға қараған. Алғаш құрылған жылдары Көкпекті ауданының құрамында болса, 1939 жылы Ақсуат ауданы бөлініп шыққанда жаңа ауданның басшылығына қараған. Кейін ұжымдық шаруашылықтардың бірігуінен үлкейіп, кеңестік шаруашылыққа айналған. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары Ақсуатпен арадағы жол қатынасының қиындығы, жиналған егін мен мал етін өткізуге тиімділігі зор әрі ауылға жақын (80

Тарбағатай қазақ даласындағы басқа өңірлер сияқты Кеңес үкіметі келгенге дейін мал шаруашылығымен айналысқан, жұрт бай-бағыландардың айналасына топтасқан, рулық-тайпалық жүйесі әбден қалыптасқан өлке болатын.



АЙМАҚ

17 ШІЛДЕ 2025 | БЕЙСЕНБІ

ЖӨН ЕКЕН!

Былтыр желтоқсан айында Батыс Қазақстан облысында респулика бойынша төртінші оңалту орталығы ашылды. Құрылысы бірнеше жылға созылған орталық қазір мүгедектігі бар жандардың ем алатын, оңалту шаралары жүретін ірі сауықтыру орнына айналды. Бұл жерде медицина мамандарынан бөлек, логопед, дефектолог, психолог, емдік денешынықтыру мамандары қызмет көрсетеді. Қазір орталықта 70-ке жуық адам оңалту шараларынан өтіп жатыр.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

«Ақжайық» оңалту орталығы заман талабына сай жасакталған. Заман талабы бөлек, бұл жер мүгедектігі бар адамдар үшін ыңғайлы етіп дайындалған. Орталықта табалдырық деген атымен жоқ, есіктер өте оңай ашылады. Ал жоғары қабаттарға көтерілу үшін бірнеше жеделсаты жұмыс істеп тұр. Жедел сатылары да мүмкіндігі шектеулі жандардың арбамен кіріп шығуына қолайлы етіп жасалған. Орталық іске қосылғанда өңірдегі мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған ата-аналар ерекше қуанды. Себебі енді апталап, айлап Астана асып, жолға ақша шығынпап шаршамайды. Өзіміздің облыстан кезекке тұру арқылы тегін оңалту шараларынан өте алады.

—Бұл — «робот» деп аталтын аппарат. Осы аппарат адамдардың ұмытылып қалған дағдыларын еске түсіруге көмектеседі. Мысалы, жол апатынан кейін немесе инсульттен кейін адамдар жүре алмай қалады. Міне, сол кезде осы құрылғының көмегімен адамдарды қайтадан жүруге, қадам жасауға үйретеміз. Мына аппарат өзі тірейді, аяққа тұрғызады, өзі жетелеп қадам жасайды. Осы аппарат өзі адамға диагностика жасап, қай жердегі бұлшық етіне қолдану керегін де өзі анықтайды. Былайша айтқанда, бұл робот адамды сәби секілді жетелеп жүргізеді ғой. Мұндай аппарат Қазақстан бойынша тек екеу. Біреуі — Астанада, екіншісі — осы біздің облыста. Бұрын осы аппарат үшін балашаға да, ересектер де Астанаға жолданатын



КӨПКЕ ҮМІТ СЫЙЛАҒАН ОРТАЛЫҚ

еді. Енді өзімізде оңалту шараларын ала алады, — дейді емдік денешынықтыру маманы Алтынбек Нәбиев.

«Ақжайық» оңалту орталығының құрылысына бюджеттен 8 млрдтай қаржы жұмсалған. Орталықтың жалпы аумағы жиырма екі шаршы метрді алып жатыр. Ересектер мен балаларға арналған блоктар бөлек. Оңалту орталығында тірек-қимыл аппараты бұзылған, психоневрологиялық патологиясы бар балалар, бірінші, екінші топтың мүгедектері медициналық көмек пен әлеуметтік қолдау алады. Оңалту орталығы бес блоктан тұрады. 150 адамға арналған. Бұл жерде емдеу корпусы, бассейні, спорт залы, акт залы, массаж, физиотерапия кабинеті, емдік денешынықтыру кабинеті бар. Бұл орталықта емдік денешынықтыру мамандарына сұраныс көп. Себебі түрлі жағдайдан кейін тірек-қимыл аппараты бұзылған науқастарды аяққа тұрғызу үшін сол емдік денешынықтыру мамандары көмекке келеді.

Орталық ішін аралап жүріп, біздің назарымызды ерекше аударған жайт бар.

Ол — жылқы. Иә, біз білетін кәдімгі жылқы. Тек бұл орталықтағы жылқы жаны жоқ, тоқпен жұмыс істейтін аппарат қана. Жанында екінші бұрышта кәдімгі аттын ері тұр. Ол да тоқпен жұмыс істейтін құрылғы.

Өзімізге таныс дүниені көріп, таңданыс-сымызды жасыра алмадық.

«Мыну кәдімгі жылқы ғой, мұның адамға қандай емдік пайдасы бар» деп сұрақты төпелетіп жатырмыз.

—Бұл иппотренажер деп аталады. Оңтүстік Кореяда құрастырылған. Осы аппаратты тоққа қосқанда ол кәдімгі шауып келе жатқан ат секілді жорғалайды. Дәл сол қимыл адамға пайдалы. Біз науқасты осы аттың үстіне отырғызып, құлды атқа шапқандай әсермен оңалту шарасын жүргіземіз. Жылдамдықты өзіміз басқарамыз. Күшейтеміз немесе азайтамыз. Атка шапқанда адамның барлық бұлшық еті қозғалады. Қатайды. Қимыл дұрысталады. Міне, бұл иппотренажер да солай. Тірек-қимылы бұзылған науқастардың бұлшық еттерін қатайту үшін осымен шапқызамыз. Солайша адамның мойын, бел бұлшық

еттері қатайды. Анау тұрған жылқының ері іспеттес аппарат. Ол ер адамдарды оңалтуға арналған, — деп атап өтті орталықтың маманды Алтынбек Нәбиев.

— Орталықтағы барлық арнаулы әлеуметтік реабилитация және оңалту бағдарламасы тегін көрсетіледі. Алыстан келіп ем алушылар үшін жатын орындары, бес мезгіл тамағы беріледі. Ал қаладан ем алатындар таңда барып кешкісін үйге жіберіледі.

Психоневрологиялық спектрі бұзылған балалар үшін дефектолог және логопед, психолог кабинеттері, ойын бөлмелері, тактильді такталар, тілгіті сенсорлық кабинет те бар. Қазір ерекше балалардың көп екені жасырын емес. Олардың көбінде зейінінің тұрақсыздығы байқалады. Ал сенсорлық кабинет сол зейінді тұрақтандыруға көмектеседі, — дейді орталық мамандары.

—Қаранызшы, бір құдды ертегі әлеміне еніп кеткендей күйде боласыз. Бұл кабинет әдейі солай жасакталған. Сенсорлық кабинеттің мақсаты — баланың зейінін тұрақтандыру. Бір нәрсеге көз тоқтатып қарауды үйрету. Мына кабинетке кірген бала ертегі әлеміне енгендей айналасына қарап, үнсіз тұрып қалады. Міне, осылайша баланың зейінімен жұмыс істейміз. Қазір гипер белсенді бала көп, — дейді сенсорлық кабинеттің психологы Айзада Биалиева.

БҚО-да жалпы саны 25 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі жан бар. Мұның ішінде үш мыңнан астамы — балалар. Бұрын осы жандардың бәрі ем іздеп, Астана мен Алматыға, қала берді көрші Ресейдің Самара, Саратов, Орынбор қалаларына ағылатын еді. «Енді ондай қажеттілік болмайды» деп отыр мамандар. Себебі қажетті құралдары бар, мамандары толық заман



КӨКЕЙКЕСТІ

СУҒА КЕТКЕН ҒҰМЫР

Жаздың қызығы — суға шомылу. Дегенмен оның бір «әттегең-айы» да бар. Биыл ел бойынша 71 адам суға кетіп, қайтыс болған. Ал жыл басынан бері суға түсу ережелерін бұзған 902 адамға айыппұл салынған екен. Оның ең азы — шамамен 30 мың теңге. Себебі көпшілік суға түсудің қарапайым ережесін сақтамайды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

8 шілде күні Қарағанды облысының Шет ауданында, Қызылқой ауылындағы көлде екі бала суға кетті. Қайтыс болған балалардың бірі 2007 жылы, екіншісі 2015 жылы туған. Олар рұқсат етілмеген жерде шомылып жүрген. Бұл қайғылы оқиға алдында 13 маусым күні Қарағанды қаласының Сұрыптау ауданындағы Таймырская көшесінің артындағы қарьерде 2009 жылғы жасөспірім суға батып кетті. «Қайғылы оқиға суға түсуге тыйым салынған жерде болды», — деп хабарлады Қарағанды облысы ТЖД баспасөз қызметі.

Белгілі болғандай, марқұм екі досымен бірге су айдынына шомылуға келген. Бірақ ол жүзе алмаған.

Құтқарушылар азаматтарды суда қауіпсіздік ережелерін сақтауға, бейтаныс және жабықталмаған жерлерде шомылмауға шақырып, сондай-ақ түнгі уақытта және жүзу дағдыларынсыз шомылудан бас тарту керегін еске салып жатса да түңиыққа секіргендер азайр емес...

Ел бойынша суға кеткен 71 адамның 30-ы — бала. Ал 132 адам суға батып жатқан жерінен дер кезінде құтқарылған. Оның 35-і — бала. Яғни, бұл сан суға түсу кезінде көпшіліктің қауіпсіздік ережелерін сақтай бермейтінін көрсетеді.

Құтқарушылардың сөзінше, суға кетіп қаза болып жатқандардың дені — 17-18 жастағылар. Ал оқыс оқиғалардың 70 пайыздан астамы суға түсуге рұқсат етілмеген аймақтарда болған.

Жалпы, Қазақстанда суға түсуге рұқсат етілген қазір 722 орын бар. Оның 464-і — жеке жағажай. Қалған 245-і коммуналдық, 13-і — спорт және туризм орындары. Қай жерге барып суға түсуге болатынын 2Gis қосымшасына «жағажай» деп жазаныз көрсетіліген.

Рұқсат етілген аймақтарда құтқарушылар, алғашқы көмек көрсетушілер болуы міндетті. Олай болмаса жағалау иелері жауапқа тартылады. Тісінше, заң бұзған жеке азаматтарға да айыппұл салынады.

Айыппұлдан бұрын, өз өмірін сақтау үшін адамдар мына ережелерді бұзбауға тиіс. Суға жалғыз түспеу. Жүзу білмесе белден жоғары тереңдікке бармау. Ішімдік ішіп суға шомылмау. Балаларды жағаға жақын қалдырмау.

Осы ережені бұзғандар бірден жауапқа тартылады. Биыл сондай азаматтарға салынған айыппұл көлемі 1 жарым млрд теңгеге жеткен. Ал қайғылы жағдайлардың алдын алу үшін құтқарушылар 40 мыңға жуық рейд өткізген.

талабына сай ірі оңалту орталығы облыстың өзінде жұмыс істеуде.

—Бұл — республика бойынша төртінші орталық. Біз мамандарымызды Астанаға жіберіп біліктілік курстарынан өткіземіз. Олар арнайы оқып келген мамандар. Орталықта онсыз да негізінен медицина мамандары жұмыс істейді. Біздің мамандар күндіз-түні мүгедектігі бар азаматтарды қолдауға дайын. Бұл жерде жүрегі жұмсақ, адамға көмектесуге оң ниеті бар адамдар жұмыс істейді. Біз сегіз түрлі қызмет түрін көрсетеміз, — деп атап өтті «Ақжайық» оңалту орталығы директорының орынбасары Гүлнұр Ескабулова.

Жанаргүл Панғалиева — бүгін орталықтағы емі аяқталып үйге шыққалы отырған қала тұрғыны. Ол осы жерде жиырма бір күн бойына оңалту шараларынан өткен.

Жанаргүл қазір жағдайы жақсарып қалғанын айтты.

«Бүгін менің ем алып жатқанымға жиырма бір күн болды. Қимыл қозғалысым жайлап қалыпқа келе бастады. Бұл жердің мамандары керемет, маған ұнады. Мен көбіне бассейінде жүземін. Ол менің барлық денеме жақсы көмектесіп тұр», — дейді Жанаргүл Панғалиева.

Қазақстанда ірі 12 оңалту орталығын салу туралы тапсырманы Президент 2023 жылы берген болатын. Бүгінде осындай заманауи оңалту орталықтарының құрылысы бірнеше өңірде жүріп жатыр. Мұндағы мақсат — оңалтуға мұқтаж жандар Астана асып ем іздемесін, оларға қолайлы жағдай өз аймақтарында жасалуға тиіс деген ойдан туған. Жалпы осы оңалту орталықтарында Президент тапсырмасына сәйкес жылына екі мыңға жуық адам оңалту шараларынан өтуге тиіс. БҚО-да іске қосылған орталық осы мақсатты жүзеге асыру үшін қызмет етіп жатыр.

ДАМУ

БАЛАЛАРҒА ЖҮЙЕЛІ КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ

Балалардың денсаулығы — мемлекеттің басты құндылығы. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауларында әрдайым азаматтардың, әсіресе балалардың өмір сапасын арттыруға айрықша назар аударып келеді. Бұл бағытта 2024 жылы қолға алынған «Мүгедектігі бар балаларды үй жағдайында оңалту» пилоттық жобасы — соның жарқын дәлелі. Жоба Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының бірлесуімен іске қосылды. Елімізде алғаш рет қолға алынған бастама қазір төрт өңірде — Шымкент қаласы, Қызылорда, Павлодар және Абай облыстарында жүзеге асуда. Басты мақсат — тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды арнайы техникалық құралдар арқылы үй жағдайында оңалту, қозғалыс белсенділігін арттыру және өмір сүру сапасын жақсарту.



Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Осы мақсатқа 1 миллиард 160 миллион теңге бөлініп, 400-ге жуық заманауи оңалту құрылғысы сатып алынды. Құрылғылар әр баланың медициналық диагнозына қарай жекелей тандалған. Нәтижесінде, бүгінде жобаға 306 бала қатысып, олардың 231-інде оң өзгерістер тіркеліп отыр. Балалардың көбі өздігінен отыруды, тұруды, тіпті жүруді меңгере бастады.

Пилоттық жобаның сәтті жүзеге асып жатқан өңірлерінің бірі — Шымкент қаласы. Мұнда жобаға 114 бала тартылып, 84-інде оң нәтиже байқалған. Жоба үйлестірушісі — «Әлеуметтік қолдау орталығы» ҰҒЗО-ның Шымкенттегі филиалы. Филиал директоры Салтанат Қайратқызының айтуынша, 10 ай ішінде 152 балаға нақты қызмет көрсетіліп, олардың ішінде 18 бала алғаш рет өздігінен жүріп, 4 бала жоба

бағдарламасынан толық шыққан. Бұл — жоба тиімділігінің айқын дәлелі. Жоба тек құрылғы жеткізіп берумен шектелмейді. Мамандар баланың жағдайын үнемі бақылауда ұстап, ата-анамен бірлесіп жұмыс жүргізеді. Әр құрылғыны тиімді қолдану үшін арнайы курстар ұйымдастырылып, ата-аналарға мобильді қосымша арқылы жаттығулар жүйелі түрде беріліп отырады.

Шымкент қаласында өткен жоба таныстырылымы екі бөлімнен тұрды. Ең әсерлі сәт — алғаш рет өздігінен тұрып, қозғала бастаған балалардың тұсаукесер рәсімі болды. Бұл балалар үшін де, ата-аналар үшін де жүрек тебірентер сәт. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Виктория Шегай, «Қазақстан халқына» қорының басқарма төрайымы Ләззат Шыңғысбай, сондай-ақ Шымкент қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Жанат Өтебаева сөз сөйлеп,

жоба нәтижелеріне оң бағаларын берді.

— «Бүгінгі жоба — жай ғана оңалту процесі емес, әлеуметтік, медициналық, педагогикалық қолдаудың кешенді түрі. Біз әр баланың нақты қажеттілігіне сай бағдарлама дайындадық. Бүгінге дейін 231 балада нақты нәтиже бар. Бұл — үлкен жетістік», — деді Виктория Шегай.

Министрілік алдағы уақытта осы тәжірибені заңнамалық тұрғыда бекіту, оңалту құрылғыларына қойылатын талаптар мен стандарттарды енгізу бағытында жұмыс жүргізуде.

«Қазақстан халқына» қорының басқарма төрайымы Ләззат Шыңғысбай бұл жобаның ұзақ мерзімді, жүйелі өзгеріске бағытталғанын атап өтті. Оның айтуынша, бұрын балалар тек ауруханаларда оңалтудан өтіп, үйіне шыққан соң барлық жетістіктер жоғалып кететін. Ал бұл жоба дәл осы олқылықты жойып отыр. — «Біз бұл бастаманы ата-анамен бірлесе отырып іске асырдық. Құралдарды дұрыс қолдану әдістерін үйретіп, тұрақты динамиканы бақыладық. Бұл — елімізде бұрын болмаған тәжірибе», — деді ол.

Қазір оң нәтиже көрсеткен балалар келесі кезеге өтуге дайындалуда. Екінші кезеңде емдеу кешені кеңейіп, басқа категориядағы балаларға арналған жана оңалту құрылғылары енгізіледі. Қор бұл бағытта қосымша инвестиция тартып, серіктестік аясын кеңейтуді жоспарлап отыр.

Жобаның нақты нәтижесін бала және ата-анасының көзінен көруге болады. Соның бірі — Шымкент қаласының тұрғыны, алты баланың анасы Дамира Айтбаева. Оның үшінші ұлы — Нұрмұхаммед Қазыбек 11 жасында алғаш рет бірнеше қалам басып үйренген.

— Ол бұрын отырмайтын, тік тұрғызсаң қорқып қалайтын. Үш айдан бері ходунокпен жаттығып жүрміз. Бес-алты қадамды өзі басып өтеді. Бұл — біз үшін мүмкін емес арман еді, — дейді анасы толқыныспен.

Пилоттық жобаның келесі кезеңінде қамту ауқымы ұлғайып, экологиялық және демографиялық жағдайы күрделі өңірлерге басымдық берілмек. Жобаның екінші кезеңін іске қосу үшін жана серіктестер тартылып, қаржыландыру көздері қарастырылуда.

Жиын соңында балаларға сыйлықтар табысталды. Бұл жоба — еліміздің әлеуметтік жүйесінде жана паракашып отыр. Мемлекеттің қамқорлығы мен азаматтық қоғамның жанашырлығы бір арнаға тоғысқанда — нақты, нәтижелі бастама туындайтыны сөзсіз.

«Бір кездегі Табылдың әні екен деп, Соңымнан зарлап жүрсін қалың Адай...» деп жырлаған бард-әнші Табылды Досымов өмірден өткенде артында күллі қазақ жұрты қайғырды. Ол – қазақ музыка өнеріне ерекше жанрмен келген бірегей тұлға. Рух пен лирикаға толы әндердің авторы Табылды Досымовтың туғанына биыл 60 жыл толды. Осыған орай Әзірбайжан Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театры «Сәйгүлік» атты спектакльдің премьерасын қойды.

ТАБЫЛДЫҢ Әні

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

«ӨЗГЕРУГЕ ДАЙЫН БОЛДЫМ»

Койылымда акынның өнердегі өмірі айқын көрініс табады. Шымылдық түрілген сәттен бастап көрерменнің бар назарын аударып алған рок жанрындағы музыка, шарықтау шегіндегі лирика мен рухқа толы әндер келген қонақты жалықтырмай, қалың назарды бір сахнаға қадады. Осылайша, акын тағдырын әуенмен өріп отырды.

Театр актері Ақжол Амантай – сахнадағы Табылды Досымов. Ол айтқан әндер, қайсар мінез, қатты дауыс, тіпті гитарара ойнау шеберлігі бәрі-бәрі бард-әншінің өзінен аумады. Бұл біздің емес, спектакльді көріп қайтқан қалың көрерменнің де әсерге толы пікірі. Өйткені актер бард-әншіге ұқсауы үшін біраз уақыт әндерін жаттап, сыртқы бейнесін ұқсату үшін қаншама өзгеріске де дайын болды. Бір қызығы шашын 6 ай бойы өсірген.

— Бір жыл бойы ой үстінде жүрдік. Шашыңды өсір, әндерін жаттап зерттей бер деген

Ең қиыны — 1986 жылы болған көтеріліс сахнасы. Әндерін орындау жағынан қиындықтар болды, жасырмаймын. Бұл жерде бірінші орында сөз тұрады, әр сөз сөйлейді, — дейді актер Ақжол Амантай.

Бұл — актердің өмірде болған тұлға кейпін алғаш рет сомдауы. Қойылым Табылды Досымовтың Алматыға оқу іздеп, жана достарымен танысу кезінен басталады. Студент жылдарындағы махаббатына айналған Гүлайым рөлін Гаухар Жәнісова ойнап шықты. Ол — Мәмбетов театрында Ақжол Амантайдың әріптесі болса, өмірде жары. Екеуінің бір сахнада ойнауы режиссердің шешімінен туған.

«СӘЙГҮЛІКТІ» КӨРКЕМДІК ФОРМАҒА САЛДЫҚ

Спектакль Табылды Досымовтың «Сәйгүлік» әнінің атымен аталады. Режиссері — Әли Бидахмет. Акынның қаншама әнінің ішінен мұны тандап алудың бір себебі бар. «Табылды Досымов — бойында қаны қайнап тұрған, позициясынан таймайтын қазақтың сәйгүлігі, қазақ үшін жанын садаға еткен адам» деп түсіндірді режиссер. Айтуынша, «Сәйгүлік» сахнаға оңай шықпады, бір жылға жуық уақыт ізденісті,

конфликт бар. Бұларды спектакльдің көркемдік формасын ашу үшін пайдаландық. Табылды ағаның өмір жолын жатқа білетіндер болса, осыны байқап та отыр. Оның кімнің прототипіндегі кейіпкер екенін түсінеді. Өйткені ағамыздың негізгі конфликті кіммен болғанын кітаптан оқып білсеңіздер болады. Оны сахнаға шығарып көпке жария еткім келмеді. Сондықтан оны ойдан шығарылған кейіпкермен ауыстырдық, — деді режиссер Әли Бидахмет.

Актер таңдау режиссер үшін жеңіл әрі сәтті болды. Өйткені Ақжол Амантайды бұрыннан Табылды Досымовқа ұқсатып жүрген және содан кейін ғана бард-әншінің өмірі мен шығармашылығына арналған қойылым қоюға қадам жасаған.

— Дұрыс таңдау жасағаныма көзім жеткені — көптеген көрермен спектакльден кейін «Табылды ағамызға ұқсайды екен, гитара ұстап ән айтқанына дейін, қылықтары да аумады», деген пікірлерінің жиі айтылуы. Байқауымша, сахнадағы Табылды ағаның өмірін көбі шындық деп түсініп жатқан сияқты. Негізі олай емес. Кей кейіпкер мен конфликттерді ойдан қосудымыз — мықтылығымызды көрсету емес, тарихты бұрмалап жеткізу де емес, ең бастысы

Спектакльден әкемді көргендей болдым. Әкемнің жас кезін көрмесем де, мінезін өте жақсы көрсете алды. Көбі Табылды Досымовтың мінезі қатал болған кісі деп ойлайтын. Негізі олай емес. Үнемі көңілді жүріп, ортасын қызыққа бөлейтін адам еді. Әзілге де жат адам емес-тін.

көркемдік формаға үйлесетін көркем дүние жасау. Себебі бұл — театр, деректі спектакль емес, документалды қойылым емес, — деді режиссер Әли Бидахмет.

Премьера екі күн қатарынан сахналанды. Табылды Досымовтың ұлы екі күнде де театр қонағы болып, спектакльді тамашалады. Актердің шеберлігі мен режиссердің ұтқыр шешімдері Аяш Абылдың көңілінен шығып, көз алдына әкенің нағыз өр мінезін көрсетті. Өзі де осылай баға берді.

— Спектакльден әкемді көргендей болдым. Әкемнің жас кезін көрмесем де, мінезін өте жақсы көрсете алды. Көбі Табылды Досымовтың мінезі қатал болған кісі деп ойлайтын. Негізі олай емес. Үнемі көңілді жүріп, ортасын қызыққа бөлейтін адам еді. Әзілге де жат адам емес-тін. Театр ұжымы осыны әдемі көрсете алды. Тағы бір айтатыным — әкеміздің әндерінің түпкі мағынасына, өзегіне, негізіне терең үңіліп ізденгені көрініп тұр. «Сәйгүлік» әнінің шындығы ашылды. Оның шынайы бейнесі мен тарихи оқиғасы ашылды деп есептеймін, — деді акынның ұлы Аяш Абыл.

Табылды Досымов өзі шығарған әндерден бөлек, Мұқағали Мақатаев, Фариза Оңғарсынова, Шәкізада Әділқарімов, Сағат Әбдуғалиев, Серік Ақсұңқарұлы, Есенғали Раушанов, Светкали Нұржан секілді ақындардың өлеңдеріне ән жазды. Досымов өлеңдерінде тағдыры жатыр. Спектакльге солардың біразы енді: «Қазақ едім дегенше», «Биіктік», «Сәйгүлік» әндері рухты көтеріп, бойдағы қанды бір тулатса, «Астананың аруы», «Күңкей қыз» жастық шағының, махаббатының символындай. «Сәйгүлік» спектаклімен Әзірбайжан Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрының жетінші маусымы жабылды.

ҚЫМЫЗ ГАСТРОФЕСТИВАЛІ ӨТЕДІ

Астанадағы «Қазанат» ипподромында 19-20 шілде күндері халқымыздың ежелгі әрі киелі сусыны – қымызға арналған бұрын-соңды болмаған көлемдегі «BaïQymyz – бапталған қымыз және ұлттық тағамдар» гастропести-валі өтеді.



Қазақстанның барлық өңірінен 50-ден астам қымыз өндіруші қатысады. Іс-шара барысында жалпы көлемі 16 тоннаға жуық қымыз ұсынылады деп күтіліп отыр. Гастропестивальге қатысу тегін болады. Фестивальге 50-60 мың адам келуі мүмкін. Қонақтар екі күн бойы әртүрлі өңірлік қымыздан дәм татып, шипалы сусынның қасиетімен танысады. «Ең үздік қымыз» атағы үшін байқау фестивальдің басты оқиғасы болмақ. Сапасы мен дәмі үйлескен, дәстүрлі әдіспен дайындалған ең шипалы қымыз иелері қомақты жүлде қорына ие болады. Жүлде қоры – 45 миллион теңге:

- I орын – 20 млн теңге;
- II орын – 15 млн теңге;
- III орын – 10 млн теңге.

Қымызбен қатар шара аясында жылқы көрмесі, қазақи тұқымдарды таныстыру, ат әбзелдері жәрмеңкесі, ұлттық спорт түрлерінен жарыстар, колөнер шеберлерінің шеберлік сабақтары, ғылыми конференция және аукциондар өтеді. Бұл арқылы жылқы мәдениеті мен ауыл шаруашылығына тың серпін беру көзделіп отыр.

Фестиваль қонақтары Германия, Ресей, Қырғыз-стан елдерінен келген ғалымдар, дәрігерлер мен ветеринарлардың баяндамаларын тындап, қымыз капсулалау, ашыту технологиясы, сақтау әдістері сияқты заманауи тәсілдермен танысады.

ЖАС СУРЕТШІЛЕР – ЖЕҢІМПАЗ!

Елордадағы «Акварель» студиясының оқушы-лары Лондонда өткен беделді Golden Time Talent Festival 2025 өнер фестивалінде бірінші орын иеленді.



Фестивальге Ұлыбритания, Германия, Қазақстан, Польша, Франция, Түркия, Италия, Украина, Литва, Грузия және өзге де 25-тен аса елден 150-ден астам қатысушы жиналды. Іс-шара әйгілі екі алаңда – Triton Square және The Shaw Theatre сахналарында өтті.

Фестиваль аясында бейнелеу өнері, музыка, би және театр өнері ұсынылды. Қатысушыларды 14 елден келген халықаралық қазылар алқасы бағалады, ал көрермендер қатарында білім, мәдениет және өнер саласының өкілдері болды. Беделді байқауда елордалық «Акварель» студиясының оқушылары – Адият Жұмабай, Әмина Исламова, Димаш Өмірзақов, Жанар Мендібаева және олардың тәлімгері, педагог Әлия Есілбаева бірінші орын иеленіп, британдық дипломдарға, жеңіс кубоктарына, алдағы халықаралық көрмелер мен өнер көрсетілімдерге эксклюзивті шақыртуларға, сондай-ақ Top World Talents каталогына енді.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4617
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,